Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік рухани тәрбие беру. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» - деп бекер айтылмаған. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа ала отырып шығармашылықпен жұмыстанып келемін.

Шығармашылық жұмысымның тақырыбы «Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу».

Идея қайдан туындады? Оған жауапты «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің сөзімен бергім келіп тұр [1].

Міне, осы тұста шығармашылық жобамның мақсаты мен міндеттерімен таныстырғанды жөн көріп отырмын.

Мақсаты: Бүгінгі оқушы – Егеменді еліміздің ертеңгі ұрпағы. Ұлттық құндылықтарын бойына сіңіру арқылы қалыптасқан тәні мен жаны сұлу, өзіне өзі сенімді, халықтың салт-дәстүрін, Ата заңын, тарихын құрметтейтін, елжанды, әлемдік бәсекеге қабілетті тұлғаның негізін қалау.

Бастапқы білім, тәрбие негізін салу.

Міндеттері:

- Бастауыш сынып оқушыларына қазіргі уақыт талабына сай, қоғамымыздың саяси дамуына жауап беретін ұлттық құндылықтар жөніндегі таным, түсініктерінің жиынтығын

меңгерту (білімдік, ақпараттық);

- Ана тілі, діні, оның тарихы, мәдениеті, өнері, салт-дәстүрі, рухани мәден мұраларды қастерлеу;

- Оқушы бойына жанашырлық сезім, намысшылдық тәрбиесі, ұлттық мінезді қалыптастыру;

- Сабақты, сыныптан тыс шараларды тартымды, ұтымды ұйымдастыру;

- Оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеу.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

• белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

• индивидуалдік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

• өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

• шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау [2].

Өзектілігі: халық педагогикасын жаңдандыру; мәңгілік ел болудың негізгі өзегі – ұлттық бірегейлікті сақтау; өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы оқыту және тәрбиелеу. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек. Сондықтан қатардағы жеке тұлғаны нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Ұлттық құндылықтар дегенді оқушыға қалай түсіндіреміз?

Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол – тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесінші – атамекені [3].

Ал, осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде бастауыш сыныпта атқаратын жұмысының орны ерекше. Тәрбиені сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Біз өзіміз, яғни ұстаздар қауымы қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін толық білеміз бе?

Осы төңіректе біз ойланып көрейікші.

Халқымыздың әдет ғұрпын, салт-дәстүрін, ата-ана, ұстаз өзі толық білмей тұрып, балаларға ұлттық тәрбие беруі мүмкін емес. Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты – білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе. Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал бастауыш сынып ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады.

Бастауыш сыныптарда бұл жұмысты жүзеге асырудың төмендегідей мүмкіндіктері бар:

- топтағы тәрбие сағаттары;

- ана тілі, дүниетану және музыка сабақтарындағы ұлттық құндылықтарға бағыттап отыратын шағын мәтіндерді таңдап, талғап пайдалану;

- арнайы факультатив курсын жүргізу;

- сыныптан тыс жұмыстарды жетілдіру.

Осы жерде өзімнің тәжірибеммен бөлісе отырып, жетістіктеріме тоқталып кетуді жөн көріп отырмын.

- Оқушыларымыздың саусақ моторикасын дамытып, көркем жазуға баулу мақсатында «Тоқыма» үйірмесімен жұмыстанып, 2017 жылда облыс көлемінде, 2021 жылы республика көлемінде авторлық бағдарламамды тараттым. Қазіргі уақытта оқушыларым үлкен үзіліс кезінде ілмекпен тоқуды әдетке айналдырды.

- Ойлау, логикасын, есептеу дағдыларын дамыту мақсатында қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Тоғызқұмалақ» ойынын оқушыларымызмен бірге ойнап, қызығушылықтарын арттырып келемін.

- Сыныптан тыс уақытта былтырғы оқу жылында ұлттық мереке «Наурыз мерекесін» тойлау мақсатында театрға оқушыларымызмен бірге барып, ұлттық құндылықтарымызды бойымызға сіңіріп қайттық.

- Оқушы санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудің тағы бір жолы – халық ауыз әдебиетінде жатқандығы белгілі.

- Өйткені жасынан ертегі, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер мен батырлар жырларын, жыраулар шығармаларын оқып, жаттап, маңызды да, құнды тұнығына қанып өскен баланың бойында еліне, жеріне, халқына адамзатқа деген сүйіспеншілігі арта отырып, ұлтжанды, намысқой, арлы азамат боп қалыптасады.

- Сондықтан, оқушыларым үнемі мәнерлеп оқу, интеллектуалдық, зияткерлік сайыстарға қатысып, жүлдері орындарға ие болып жүр.

- Сабағымның ұйымдастыру, бағалау, кері байланыс бөлімдерінде бауырсақ, киіз үй, домбыра, қоржын, асық т.б ұлттық бұйымдарды қолдана отырып, әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келемін.

Қорыта келе, мектеп табалдырығын жаңа аттаған кішкентай шәкірттердің өз халқының ұлттық құндылықтарын саналы түрде түсініп, қабылдауына, салт-дәстүрлерін қадір тұтып, елін сүйетін, рухы жоғары, патриоттық, ұлттық құндылық бағдары анықталған АЗАМАТ болып жетілуіне бастауыш мектептегі ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру міндетінде және маңызы зор деп есептеймін. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі оқушы тұлға шығатынына сенімім мол.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ұзақбаева С. А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. докт... дисс.,- Алматы, 1993. - 420б.
2. Шашақова А. Халық тәлім-тәрбие бастауы. – Алматы: Рауан, 1994.- 112б.
3. Толегенова, А. Б. Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу / А. Б. Толегенова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 7.2 (87.2). — С. 64-65. — URL: <https://moluch.ru/archive/87/17229/> (дата обращения: 29.11.2023).

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ – САПАЛЫ БІЛІМ

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы
Федоровка жалпы орта білім беретін мектебі
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Гиззатова Жемистуль Искаковна

Мектептегі әдістемелік жұмыс – педагогтардың кәсіби шеберлігі мен мамандығын жоғарылатудың негізі, мұғалімдердің әдістемелік дайындығымен тұтас оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырудың өзара байланысы. Мұғалімдердің теориялық дайындығын жетілдіру – оның әдістемелік жұмысының сапасын арттырудың кепілі. Ғылыми жетістіктерін және алдыңғы қатарлы тәжірибелерді ендірудегі негізгі жұмыс түрлері. Мұғалімдердің өзіндік білім көтеру жұмысы – әдістемелік жетілудің негізі.

Мектептегі әдістемелік жұмыстардың түрлері және әдістері.

Мұғалімдердің аттестатталуы - мамандық шеберлігінің шынайы деңгейін айқындайтын құрал. Мұғалімдерді аттестаттау, аттестатталатын мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетін сараптау үшін мұғалімнің мектептегі оқу-тәрбие жұмысының өлшемдері мен көрсеткіштерін диагностикалау әдістемесі.

Мектептегі әдістемелік жұмыс педагогикалық мәдениетті көтерудің шарты. Мұғалімнің кәсіптік дайындығы оның педагогикалық жоғары оқу орнын бітірумен аяқталмайды, ол

мұғалімнің кәсіптік қызметінің бүкіл кезеңін қамтиды. Сонымен бірге мұғалімнің кәсіптік білімін үздіксіз көтеріп отыруы оның шығармашылық қабілетін дамытуды және дербес педагогикалық тәжірибесін үнемі дамытудың шарты болып табылады. Егер мұғалім қоғамдық ортада белсенді позиция ұстанып, оның дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен кірігіп педагогикалық ұжымның қолдауына ие болып, кәсіптік шығармашылық ізденісін көтермелеп отырса, мұғалімнің кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық мәдениетінің артуы барынша жемісті болары сөзсіз.

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жоспарына сәйкес олар бес жылда бір рет мұғалімдер біліктілігін көтеру институттарында немесе педагогикалық жоғары оқу орындарының арнаулы факультеттерінде арнайы дайындықтан өтуі тиіс.

Аттестаттаудың негізгі мақсаты педагог қызметкерлердің кәсіптік біліктілігін көтеру, шығармашылық белсенділігін дамыту, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету. Үнталандырудың негізгі құралы ретінде мұғалім еңбегіне ақы төлеуді жіктеу болмақ. Жалпы педагогикалық процестің сапасы мұғалімнің жалпы дайындығына, педагогикалық біліміне және әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Педагогикалық және әдістемелік жұмыстардың ұжымдық формалары:

Мектептің педагогикалық кеңесі.

Мектептің әдістемелік кеңесі.

Мұғалімдердің әдістемелік пән бірлестіктері.

Кіші шығармашылық топтар.

Психологиялық-педагогикалық семинарлар.

Практикумдар-семинарлар.

Ғылыми-практикалық конференциялар.

Педагогикалық оқулар.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі АҚШ даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заман талабына сай білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруда қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді.

Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі- жастарға терең білім беру. Ал, оның негізгі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- Проблемалық оқыту;
- Дамыта оқыту;
- Деңгейлеп оқыту;
- Дәстүрлі оқыту;
- Модульдік оқыту;

- Сұрақ-жауап ойындары;
- Цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Проблемалық оқыту – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дамыта оқыту – мектеп жасына дейінгі балада білім, білік дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болу керек. Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс әрекетіне балаларға тәрбиешінің қарапайым ізденіштік, зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыру тән. Дәстүрлі оқыту – балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, балалар сол тақырып бойынша білім, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді. Цифрлық білім беру электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды. Цифрлық білім беру міндеті:

- Оқытушының сабаққа дайындығына көмек
- Оқытушының сабақ өткізу үрдісінде көмек
- Оқушының үй тапсырмасын орындауда көмек.

Сол негізгі құрылымның бірі ретінде білім беру жүйесінің толассыз даму және тоқтамсыз өзгеріс үстінде болу, үдерістің бір белгісі екені анық. Әлемдік сарапшылар білім беру жүйесін салыстыруға келетін бірнеше елдерді атап көрсеткен. Олардың алғашқы бестігіне АҚШ, Канада, Сингапур, Финляндия, Швеция тағыда басқа бірнеше елдер жатады. Ол елдер ең алдымен білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандар дайындау мәселесін, оқулар арасындағы қоғамдастық тағы да басқа жиырма шақты критерийді негізге алған. Жаңа ғасыр көгінде әлем кеңістігіндегі білім беру саласы да жаңа арнаға бет бұрды. Бүгінгі ақпараттар легі тасқындаған уақыттың талғамы бөлек, талабы өзгеше болғандықтан заманға сай қоғам болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті міндеттеді. Бұрынғы цензуралық білім жүйесі, стандартты қайталауға арналған сабақ құрылымы ата-ананың да, баланың да талғамынан табылмады. Бұл жалғыз біздің елімізді ғана емес, басқа мемлекеттерді де толғандырды.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Скакун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методические пособие-М. :Высш.шк.,2010г.
2. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау,- А ,2015
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік , - // Қазақстан мектебі ,№4 , 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;

ПОЗИТИВТІ КӨЗҚАРАС ӨМІРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Тыныштыбаев Мурзатай Тыныштыбаевич
Сарапшы, педагог-психолог
Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Абай ауылы

Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу
Міндеттері:

- Болып жатқан оқиғаларды әртүрлі қырынан талдай білуге үйрету;
- Қандай да бір оқиғалардан шығудың жолдарын іздеуге үйрету;
- Позитивті өзіндік «Мен» -ін қалыптастыру;
- Өзіндік ұстанымды көрсете білу дағдыларын дамыту;
- Қоршаған ортаға позитивті қарым-қатынас қалыптастыруына көмектесу;

Түрі: тренинг-сабақ

Әдістері: көрнекі, демонстрациялық, сөздік, практикалық, диагностикалық, әңгіме, ойын.

Жұмыс формасы: ұжымдық, жеке

Қатысушылар: 7-9 сынып оқушылары

Көрнекі құрал-жабдықтар: презентация, жүрек, шарлар, А4 қағазы, стикерлер, жіп, сандық, түсті маркерлер, т.б

Жоспар:

I Кіріспе

1. «Менің атым» жаттығуы

2. «Сүйікті ісім» жаттығуы

II Негізгі бөлім

1. «Өмір жебесі» әдістемесі

2. «Эмоционалды босаңсу» жаттығуы

3. «Даналық әлемі» аңызы

4. «Қақпан» жаттығуы

5. «Қыл көпір» жаттығуы

III Қорытынды

1. «Сандық» жаттығуы

2. «Соңғы сөз» жаттығуы

Барысы:

I Кіріспе

- Салематсыздар ма балалар! Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Позитивті көзқарас өмірге жол ашады. Ендеше сабағымызды бастайық.

1. «Менің атым» жаттығуы

Мақсаты: Коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Нұсқау: - Менің қолымдағы жүрек өмірдің символы. Осы жүректі қолымызға алып, қасымыздағы адамның есімін атап, есімінің алғашқы әріпінен басталатын жақсы қасиетін қосып айтамыз.

Талдау:

- Қасымыздағы адамның жақсы қасиеттерін атау сіздерге қиындық тудырды ма?

- Сіз туралы мақтау естігенде қандай күйде болдыңыз?

2. «Сүйікті ісім» жаттығуы.

Мақсаты: Позитивті өзіндік «Мен» -ін қалыптастыру;

-Балалар біздің әрқайсымыздың сүйіп айналысатын, қызығушылық танытатын істеріміз бар. Біздің қасымызда жүрген ата-анамыз, күнде қасымызда жүрген достарымыз да кейде біздің нені қалайтынымызды біле бермейді.

Нұсқау: - Қазір шеңберге тұрып: «Мен ұнатамын» сөз тіркесімен әркім өзінің сүйікті ісін айтып шығады.

Қорытынды: Біз әрқайсымыз жеке тұлғамыз, сондықтан да қызығушылығымыз әртүрлі болуы бұл заңдылық.

II Негізгі бөлім

1. «Өмір жебесі» әдістемесі

Мақсаты: Оқушылардың жай-күйлерін анықтау.

Нұсқау: Алдарыңыздағы параққа өздеріңізді бейнелейтін суретті таңдап салыңыз.

Нәтижені өңдеу: Түзу жебе – тыныштықтағы өмір; қисық жебе – көңіл күйдің болмауы; иірімі көп жебе – өмірдегі қиындықтардың белгісі; шеңбер жебе – тұрақтап қалған өмір белгісі.

2. «Эмоционалды босаңсу» жаттығуы

Мақсаты: Негативті ойлардан арылу

Нұсқау: - Балалар қазір алдымызда тұрған шарды аламыз. Содан кейін асықпай ойланып бұрын сізбен болған жайсыз жайттарды, әлі де кешірілмеген өкпе реніштерді есімізге түсіреміз. Енді барлық негативті шарды үрлеу арқылы ішімізден, ойымыздан шығарамыз, яғни тазартамыз. Үрлеп болсақ шардың ауызын бекітіп, шарды жарып жібереміз. Шарды жарып жібергенде негативті ойлар жоқ болып кетеді. Енді біздің есімізде тек жақсы ойлар қалды.

Талдау:

- Негативті жайларды есіңізге түсіргенде қандай күйде болдыңыз?

- Шарды жарып жібергенде не сезіндіңіз?

3. «Даналық әлемі» аңызы

Бұл елде барлығын білетін дана қария өмір сүріпті. Бір адам ол қарияның барлығын біле білмейтінін дәлелдегісі келген. Көбелекті екі алақанының ортасына ұстап дана қарияға келеді. Қариядан: «Менің қолымдағы көбелек тірі ме, әлде өлі ме?» - деп сұрайды. Жігіт: егер тірі десе өлтіре саламын, егер өлі десе жібере саламын – деген ойда тұрады. Дана қария ойланып: «Барлығы сенің қолыңда» - деген екен.

Талдау: - Жігіт өзіне көп ой түйді, ал сіздер не түйдіңіздер?

Қорытынды: «Барлығы сенің қолыңда» сөзінде үлкен мағына жатыр. Өмірден жақсылық көру, жақсылық жасау сенің қолыңда.

4. «Қақпан» жаттығуы

Мақсаты: Кедергілерді жеңе білу дағдыларын қалыптастыру.

Нұсқау: - Екі топқа бөлінеміз. 1- топ шеңбердің ішінде қалады да, 2- топ шеңбер құрып қолдарымен ұстап тізбектеліп тұрады. Шеңбер ішіндегілер адамдар, ал шеңбер құраушылар қақпан. Іштегі адамдар әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып қақпаннан шығып кетуі тиіс. Ал қақпан құрушылар мейлінше шығармауы керек. Кей жағдайларда шығаруына да болады.

Қорытынды: - Өмірде де осылай болады. біз қандай да бір кедергілерге тап болып одан шығудың жолын таба алмайтын секілдіміз. Батылдық танытып, өз-өзімізге сеніп, күш тауып, шынайы, мейірімді болсақ, көмек сұрай білсек міндетті түрде ондай адамдар табылады. Қиын сәттерде сіздерге көмек қолын соза алады, тек көмек сұрай білу қажет.

5. «Қыл көпір» жаттығуы

Мақсаты: Кедергілерді жеңе білу дағдыларын дамыту.

Нұсқау: Алдарыңыздағы қыл көпірден әрқайсысымыз жеке –жеке сол көпірден құламай өтуіміз керек.

Талдау: - Қаншалықты қиын немесе жеңіл болды?

- Өмірде мұндай жағдайда болғыңыз келе ме?

III Қорытынды

1. «Сандық» жаттығуы

Мақсаты: Өмірге позитивті көзғарас қалыптастыру.

Нұсқау: - Сіздер өмірлік жолға дайындалып жатырсыздар және соған байланысты сандықты жинауымыз керек. Яғни өмірде ең қажетті адами қасиеттерді жинауымыз қажет. (Парта үстінде тұрған сандыққа стикерге жазылған қасиеттерді салады)

2. «Соңғы сөз» жаттығуы

Оқушылар шеңберге тұрып : «Мен білемін, өмірде жетістіктер бар, оған жету тек біздің өз қолымызда » деп бәрі бірге айтады.

ҚОҒАМДАҒЫ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

**Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы
Абай атындағы жалпы
орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ахмадиева Алия Сансызбаевна
педагог-сарапшы**

Педагог деген кім? Ол қандай болуы керек? Педагогтің қоғамдағы рөлі, беделі қандай болмақшы?-деген сұрақтар төңірегінде ойланып,ізденгенімде, қазақтың ағартушы ақыны, түркітанушы, педагог Ахмет Байтұрсынұлының: «Ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика мен методикадан хабардар,жақсы оқыта білетін мұғалім », -деген пікірін оқығанымда, мені толғандырған сұрақтарға жауап тапқандай болдым. Бұл пікір мен іздеген сұраққа жауап қана емес, маған,тіпті, барша ұстаздар қауымына ауыр жүк, зор міндет жүктегендей болып көрінді. Осы орайда,Б.Момышұлының «Ұстаздық- ұлы құрмет. Себебі,ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді.Болашақтың басшысын да,данасын да, ғалымын да,еңбекқор егіншісін де,кеншісін де ұстаз өсіреді», -деп ертеңгі ел тұтқасы болатын жас буынды тәрбиелеу,оларды терең біліммен,жаңашыл көзқараспен қаруландыру,өмірге бейімдеу,жаңа заманның көшінен қалмайтындай үлкен өмірге дайындау ұстаздардың қолын да екендігін айтып отыр. Сондықтан да, педагог - рухани бай, зиялы,мәдениетті, шығармашыл жан болуы керек.

Ал, педагогтың рухани байлығы оның балаға деген риясыз махаббаты, мейірімділігі мен адамгершілігінде. Соңғы ұрпаққа алдыңғы ұрпақтың жинаған тәлімі мен мәдени құндылықтарын жеткізу де сол ұстаздардың еншісіндегі дүние десек еш қателеспейміз. Бір сөзбен айтқанда: «Ұстаз- мектептің жүрегі, бала жанының бағбаны». Педагог- тәрбиеші ғана емес,білім беру жүйесіндегі басты тұлға. «Бір әріп үйреткен ұстазыңа,қырық жыл тағзым ет»,- деген нақыл сөздің өзі қай қоғамда болмасын педагог мәртебесінің қаншалықты зор екендігінің айқын дәлелі. Өйткені,мұғалім-бүкіл білім беру жүйесінің басты тұлғасы,адамзат өркениетін дамытушы ұлы күш.

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын-мұғалімдікі», -деп педагог-жазушы М.Жұмабаев айтқандай , өзінің өмір бойы жинаған білімін ұрпақтарынан еш аямайтын ұстаздардың мәртебесінің бәрінен де жоғары екендігін халқымыз ертеден-ақ мойындаған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел арасындағы осы сөзді қайта тірілкендей болды.

Президентіміздің 2019 жылдың 30 желтоқсанындағы «Педагог мәртебесі туралы» заңы ұстаздар қауымына жаңа серпін,тың қолдау әкелгендей болды.Бұл заңның қабылдануы, заман қалай өзгерсе де, ұлы мамандық иелеріне деген құрметтің еш өзгерместен,өз деңгейінде сақталып қалғандығының дәлелі.

Заң мұғалімдер үшін қандай өзгерістер әкелді?- деген сауал туындайтын болса, бұл заң барлық педагогтердің жеке дамуына ғана емес,оқу үрдісін жаңартуға зор мүмкіндік берді. Бұл заң жаңашыл,шығармашыл педагогтердің озық іс-тәжірибе таратуына,ақпараттық ресурстарды тегін пайлана отырып, кәсіби біліктілігін арттыруға жол ашты.Бір сөзбен айтсам,кәсіби құқықтарына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бұл заң педагог еңбегінің еленуіне мүмкіндік алып берді.

Қоғамда педагогтің мәртебесімен қатар, оның қоғам алдындағы жауапкершілігі де артып отыруы қажет. Сондықтан да, XXI ғасыр ұрпағын оқытып,тәрбиелеуде ұстаздар қауымының жауапкершілігі күн санап артуда. Жаңашылдық, жаңа технология, жаңа әдіс-тәсілдер, жаңа ізденіс,тынымсыз еңбек...Осы талаптарды орындау үшін мұғалім түбегейлі өзгеруі қажет. Неліктен өзгеру керек? Дәлірек айтсам, ескі көзқарастан алшақтап, жаңаға бетбұрыс, жаңаша білім беруге көшу - заман талабына айналу. Әлем өзгеруде,қоғам көші ілгері жылжуда... Ұстаз үшін өзгеріссіз қалу-өте қауіпті. Өзгеріс қажет. Ал, педагогтың өзгеруі дегеніміз- сабақ беруде оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалана отырып,оның нәтижесіне қол жеткізуі. Бұл идеяны өткен ғасырың өзінде-ақ Жүсіпбек Аймауытов «Жаңа технология-жаңадан жаңаны іздеу», -деп дөп басып айтып кетіпті. Адамзат өркениетінің даму тарихында жақсы мектебі мен жаңашыл мұғалімдері бар мемлекет ғана алға озып шығатынына ешкім күмән келтіре алмайды. Себебі, мектеп

жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға- мұғалім. Өйткені, ұстаз - бір ғана ұлды ғана емес, тұтастай ұлтты тәрбиелейтін тәрбиеші.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейтінін жеткізеді. Осы орайда, сансыз ақпараттардың ішінен өзіне қажетін өлшеп алып, өмірге деген көзқарасын, ұстанымын, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыра алатындай тұлға тәрбиелей алса ғана ұстаз мәртебесінің жоғарлағаны деп ойлаймын.

«Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ», - демекші жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе бұл- білім беруді дамыту. Заман талабы күн санап өзгеруде. Осынау өзгерістен қалмай, өзекті мәселенің түйткілін шешіп, білім кеңістігінен орын ала білген педагогтың мәртебесі де жоғары болмақ.

Атақты педагог Я.А. Коменскийдің «Мұғалім - мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол - барлық ой мен қиял-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі» - деген өсиет сөздерін санамда мәңгі сақтап, осы пікірден қуат алып, шыңдалып келемін. Мұғалім өз пәнінен сабақ беретін жай оқытушы емес, жаңалықтың жаршысы, ұлт тәрбиешісі десем қателеспеймін шығармын, сірә.

СИНУС, КОСУНУС, ТАНГЕНС, КОТАНГЕНС ПРОИЗВОЛЬНОГО УГЛА (УРОК АЛГЕБРЫ В 9 КЛАССЕ)

Жанахметова Алия Эрмековна
учитель математики и физики Подстепновской СОШ №1
Западно-Казахстанской области, Теректинского района

Цель обучения в соответствии с учебной программой:

знать определения тригонометрических функций;

знать взаимосвязь координат точек единичной окружности с тригонометрическими функциями;

ХОД УРОКА

1 этап: Организационно-подготовительный.

Музыкальное приветствие на разных языках

Деление на группы методом «Выбор карточки»

Постановка темы урока по методу «Поиск слов»


Актуализация знаний. Метод «Случайное колесо». Отвечают на вопросы по темам прошлых уроков (перевод из градусной меры в радианную и наоборот). (Программа «Wordwall»)

1. Переведите радианы в градусы $\pi/2$, $\pi/3$, $\pi/4$, $\pi/6$

2. Переведите градусы в радианы 30, 45, 60, 90

Метод «Сопоставление» Вспомните правила синусов, косинусов, тангенсом, котангенса

Для определения синуса, косинуса, тангенса, котангенса на координатной плоскости используют так называемую единичную окружность (радиуса 1). Изобразим её в декартовой системе с центром в начале координат:



Рассмотрим произвольную точку $M(\bar{x}, \bar{y})$, принадлежащую окружности, и положительно ориентированный угол $\alpha = \angle AOM$ (зелёная стрелка).

Синусом угла α называют отношение ординаты точки M к радиусу окружности:

$$\sin \alpha = \frac{\bar{y}}{r}$$

Косинусом угла α называют отношение абсциссы точки M к радиусу окружности:

$$\cos \alpha = \frac{\tilde{x}}{r}$$

Тангенс угла α – есть отношение $\operatorname{tg} \alpha = \frac{\tilde{y}}{\tilde{x}}$ (если $\tilde{x} \neq 0$),

и котангенс: $\operatorname{ctg} \alpha = \frac{\tilde{x}}{\tilde{y}}$ (если $\tilde{y} \neq 0$).

2 этап: Новая тема.

Определим значения функций. На шариках даны задания для каждой группы. Учащиеся готовят задания. Каждая группа выступает, показывая пути решения задач.

Получаем таблицу со значениями данных функций

Метод: «Найди пару» (Программа «Wordwall»)

При повороте точки P на угол $\frac{\pi}{2}$ получается $(0; 1)$.

При повороте точки P на угол $\frac{-\pi}{2}$ получается $(0; -1)$.

При повороте точки P на угол $\frac{3\pi}{2}$ получается $(0; -1)$.

При повороте точки P на угол $-\pi$ получается $(-1; 0)$.

Работа с заданиями с учебника 20.6

Метод: «Откройте поле» (Программа «Wordwall»)

Найдите значение выражения:

1) $2\sin 30^\circ + 2\cos 45^\circ$; 2) $3\sin 60^\circ - 2\cos 60^\circ$;

3) $\sin 30^\circ - 3\operatorname{tg} 45^\circ$; 4) $\sin 45^\circ + 2\operatorname{ctg} 60^\circ$.


Чему равно значение выражения:

1) $\operatorname{tg} \frac{\pi}{3} + 2\operatorname{ctg} \frac{\pi}{6}$; 2) $\operatorname{tg} \frac{\pi}{4} - 3\operatorname{ctg} \frac{5\pi}{6}$;

3) $3\cos \frac{\pi}{3} + 2\sin \frac{\pi}{4}$; 4) $-\sin \frac{\pi}{2} + 2\operatorname{ctg} \frac{3\pi}{4}$?

«СМС» методом учащиеся обмениваются вопросами и выполняют взаимопроверку, оценивая друг друга лайками

3 этап урока: Применение
В строительстве



$\alpha = 45^\circ$ Решение:
 $b = 8 \text{ м}$
 $h = ?$ $\operatorname{tg} \alpha = \frac{h}{b/2}$
 $\operatorname{tg} 45^\circ = \frac{h}{8/2}$
 $\frac{\sqrt{2}}{2} = \frac{h}{4}$
 $h = 2\sqrt{2} \approx 2.8 \text{ (м)}$

В медицине

Врач-рентгенолог рассматривает рентген-снимок, где образуется угол 60° . Найдите расстояние между структурами организма, если высота 50 м.

В спорте

Скалолаз поднимается на 30-градусный уклон у подножья горы. Если он поднимается с постоянной скоростью 3 м в час, то на какой высоте он будет через 5 часов?

«Лайфхаки» по заучиванию правил функций.

4 этап урока: Рефлексия

Рефлексия проводила по QR коду, используя программу Paddlet

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы
Федоровка жалпы орта білім беретін мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі
Сұлтанова Айнагул

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше түс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашы тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашы тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады.

Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [1]. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса,

білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

1. Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

2. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

3. Білім беру құзыреттілігі - педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін

тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

- мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

- оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

- коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

- әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады [2].

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын,

объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше түс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындай отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
2. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ

**Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы,
Федоровка жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі
Имашева Гульжанар Бауржановна**

Жас буынға тәуелсіздік қазақ халқына оңай келмегенін ұғындыру, санасына сіңдіру оңайға түспеді. Қазақ халқының егемендігін аңсаған Алаш ардақтылары – Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы болды. Алаш арыстарының көздеген мақсаты бір еді ол – қазақты тәуелсіз ел ету, дамыған елдердің қатарына қосу, халықты ілім-білімге қанықтырып, көзін ашу. Осы жолда Алаш идеясын жүзеге асыруды көздеген қазақтың ардақты ұлдары өз өмірлері үшін қорықпады, болашақ ұрпақтың ертеңі үшін қорықты.

Кемел келешекке, жарқын болашаққа ұмтылсақ ең алдымен тарихымызды біліп, өткен күннен сабақ алып, ел тәуелсіздігі жолында жанын қиған жандардың еңбегін бағалауымыз керек. Ұрпақ тәрбиесі жолында ұстаз еңбегі өлшеусіз. Ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын азамат – бүгінгі оқушы. Оларды ұлтжанды, Отанының адал ұлдары мен қыздары етіп тәрбиелеу мына біздің қолымызда.

Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, жаңашылдыққа ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Алаш арыстары халық санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды. Ұлттық мүддені қорғау бойынша бағыт ұстанды. Алаштық ұрандар сол дәуірдің оқыған, талапты жастарын бірден баурап алды. Халықтың тыныс-тіршілігімен таныс рухты жастар Алаш қайраткерлерінің бағытын ұстанып, солармен бірге қимыл жасады. Алаш қозғалысын Кеңес үкіметі теріске шығарғанмен, ұлттық идея ұлтжанды азаматтардың санасында, жүрегінде өмір сүрді. Тарихқа көз жүгіртсек 1917 жылы Орынбор қаласында Бірінші

жалпықазақ съезі өтті. Осында Алаш партиясының бағдарламасы жарияланған болатын. Қозғалыстың көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: «басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деген еді. Әлихан Бөкейханның жобасы бойынша қазақтың жерінде өндірілетін шикізат, сол елдің халқының қажеттілігіне жарауы тиіс болатын. Яғни, толық экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуді көздеді.

Алаштың тағы бір ардақтысы Міржақып Дулатов «Оян, қазақ» деп жар салса, Халел Досмұхамедов «Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды.

Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» деді. Х.Досмұхамедов көтерген тіл мәселесі де өкінішке орай әлі де өзекті, тіл деп шырылдап, қазақ тілінің қамын жеп жүрген азаматтарымыздың жан айқайы әлі де кей құлаққа, соқыр санаға жетпегендей.

Өткен жиырмасыншы ғасырда Алаш арыстары көтерген тіл мәселесі қазіргі дәуір де өзекті. Мұзафар Әлімбаев «Туған жерді сүю – парыз, сүю үшін білу парыз» десе, Жүсіп Баласағұн өзінің «Құдатқу білік» еңбегінде «Тіл адамның даңқын асырады. Адам ол арқылы бақыт табады» деген. Ахмет Байтұрсынұлы «Дүниеде ешбір тіл өздігінен шықпайды. Тіл қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді» деген екен. Иә, Алаш ардақтыларының сөз маржанын терсек мұндай мысал, әр адамның жүрегіне жол табар сөз көп-ақ. Ең бастысы сол сөздерден ғибрат алу.

«Айқап» журналының оқырмандарына арнап үзбей шығармаларын арнап, қоғамдық өмірге бейжай қарай алмаған, өз пікірін оқырманмен бөлісуге асыққан ұлы тұлғаларымыз Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жұмағали Тілеулин, Қошқе Кемеңгеров және т.б. зиялы азаматтар сүбелі үлес қосты. Бұл алыптардың ұлттық мүдде жолындағы бір алаңда тоқайласуы болашақ Алашорда үкіметінің құрылымдық бағытын айқындаудың сара жолы осы «Айқап» журналы және «Қазақ» газеттері арқылы көрініс тапты. Бес жыл бойы жарық көрген басылым мазмұнында рухани әлемімізде тың серпіліс туғызған Алаш ардақтыларының тың идеялары жатқан еді. Ол идеялар осы журнал арқылы біршама айқындалып, бірталай қаламгерлердің тәжірибе алаңына айналды.

XX ғасырдың басында қазақша шыққан тақырып жағынан 400 атаулы жарияланған кітаптарды топқа бөлсек: Бірінші – қазақ халқының өткендегі тарихи тағдырын, болашақтағы даму жолын, саяси жағдайын суреттейтін Абайдың «Өлеңдер жинағы» (1909), Н.И.Веселовскийдің редакциясымен шыққан Шоқанның шығармасы, Мақыш Қалтаевтың «Қазақ айнасы», «Тура жол» сияқты кітаптары. Екінші – оқуға, өнерге, білімге шақырған, сол білімді қалай игеру, қайдан іздеу жолдарын нұсқайтын Ғ.Мәжитовтың «Қазақ шәкірттеріне ақыл» (1910), Закрия Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» (1910), С.Көбеевтың «Үлгілі бала» (1912) кітаптары. Үшінші – кәсіпшілік, отырықшылық, сауда-саттық, еігіншілік, бау-бақша, өндіріс қолөнері істеріне арналған «Торғай шаруашылық қоғамы» (1903), «Май алатын машина» (1912) сияқты еңбектер. Төртінші - кедейдің ауыр халін суреттейтін, олардың патша үкіметінің әкімдері мен және солармен сыбайлас бай, болыс, старшиндерден шеккен әділетсіздігін баяндайтын Мәшһүр Көпеевтың

«Сарыарқа кімдікі?» (1907), А.Сабаловтың «Сұм заман» (1911), Х.Сәдуақасовтың «Халық мұңы» (1915) шығармалары. Халқымыздың рухани жаңғыруы – жан дүниеміздің жаңғыруы, тарих бетіндегі көмескі тартқан шындықтарды бүгінгі ұрпақ санасына қайта тоқылуы.

Тәуелсіздік алғаннан кейін оқушыларымыз Алаш зиялыларының шығармаларын еркін оқып, түрлі сайыс, байқауларға қатысуда. «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары», «Мағжан оқулары» т.б. басқа байқауларда ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіріп, болашақ ұрпаққа үлгі көрсетуде.

Біз бабаларымыздың күресімен өсетін бойымызға сіңіруде, олардың бүгінгі күнімізбен тікелей сабақтас құндылық екендігін әрқашан сезінуіміз қажет. Осы тамырластық дегдар сезім бүгінгі қазақтың азаттығына, ел болуына, ел болу үшін, басқа да мемлекеттік атрибуттармен, істермен бірге ұлт тілінің мерейін асыратын, отаршылдық қалдықтармен күресетін баянды шаруаларға жұмылдыру шарт һәм міндетті. Бағзы бабалардан да, абыз Абайдың да, Алаш зиялыларының да аманаты осында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) - Алматы: «Ана тілі», 1992.448 б.

2. Нысанбаев Ә. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. Алматы, 2002 ж.
3. Дулатұлы Міржақып. Ахмет Байтұрсынұлы (өмірбаяндық очерктен үзінді) // Ана тілі, 1991, 24-қаңтар.
4. Қойгелдин М.Қ. «Ұлттық саяси элита».- Алматы, 2004. 440 б.
5. «Қазақ» газеті. - Алматы., «Қазақ энциклопедиясы» 1998. 444 б.
6. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. // Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. - Алматы: «Ел - шежіре», - 2013. Т.4, 384 б.
7. Дулатов М. «Ағартушылық бағыттағы еңбектерімен оқу құралдары, алты томдық шығармалар жинағы». - Алматы: Мектеп. - 2003. Т.4. 400 б.

ГОСПЛЕМСТАНЦИЯ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ БОҰЫНША «LESSON STUDY» ЗЕРТТЕУ САБАҒЫ БОҰЫНША РЕФЛЕКСИВТІК ЕСЕП



Мусағалиева Айкерим Каздуковна
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы, Юбилейный ауылы,
Госплемстанция ЖОББМ

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында деңгейлік курстар ұйымдастырылғаны баршамызға мәлім. Біздің мектепте осы бағдарламаның сертификатын иеленген 4 мұғалім. Мектебімізде осы мұғалімдермен қатар осы бағдарламаның идеясына қызығушылық танытқан мұғалімдерден «Өзгеріс тобы» деп аталатын топ құрылды және мектеп тренерлері «Тәжірибедегі рефлексия» курсы ұйымдастырып мұғалімдерді сертификаттады. Осы топ мүшелерінің ықпалымен мектеп тәжірибесіне біраз өзгерістер енгізе бастадық.

«Lesson study» - негізгі идеясын түсініп, мектептің, оқушының және мұғалімнің мүмкіндіктерін ескере отырып, нәтижеге қол жеткізу үшін қолжетімді, тиімді қадамдар жасауға болатынына көз жеткіздік.

Зерттеу сабақтарында алған тәжірибемізбен бөлісу мақсатында ұйымдастырылған семинар-сабағымыздың тақырыбы: «Lesson study» – біздің мектебімізде». Мақсаты: Зерттеу сабақтары бойынша іс-тәжірибемен бөлісу. Бұл зерттеу сабағын ұйымдастыруда «Lesson study» зерттеу сабағы бойынша нұсқаулықты және А. Әлімовтың «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» атты оқу құралын басшылыққа алдық.

Lesson study – дің басты мақсаты:
Оқушыларға білім алуға көмектесу;
Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету.

Зерттеу сабағын жүргізу үшін:
– L.S. зерттеу тобын құрдық. Зерттеу тобында осы бағдарламаны игерген мұғалімдермен қоса, сынып жетекші және психолог маман болды.

– Зерттейтін сыныпты таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, зерттеуге 5 сыныпты алдық. Себебі, ол сыныпта бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуінде қиындықтар болды. Зерттелетін пәндерді мұғалімдердің ұсынысы бойынша



1. Қазақ тілі,
2. Жаратылыс тану,
3. Математика пәндері деп ұйғардық.

– Келесі қадам – осы сыныптағы проблеманы анықтау болды. Осы мақсатта осы сыныпқа сабақ беретін негізгі пән мұғалімдері сабақтағы проблемаларын Лессон Стади бұрышына жазып, бірнеше проблемалар анықталды. Одан кейін зерттеуші топтың отырысы болды. Бұл отырыста осы бірнеше проблемадан ортақ проблема шығарылды. Ортақ негізгі проблеманы: «Мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру» – деп алдық.

– Зерттелетін пәндердің пән мұғалімдерімен, сынып жетекші және психолог мамандар бірігіп, бақыланатын оқушыларды анықтады. Мұнда А оқушысы – сабақты жақсы оқиды, бірақ өзіндегі ақпаратпен бөліспейді. В оқушысы – сабақта үлгерімі ортадан жоғары, мінезі тұйық, бірақ ұқыпты, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы. Ал С оқушысы – деңгейі төмен, сабаққа қызығушылығы жоқ, сылтау тауып сабақтан қалуға тырысып отыратын оқушы.

Урок сопровождается показом слайдов и просмотром эпизодов (по выбору учителя) из фильма.

Использованная литература:

1. М.: Детская литература. 1989
2. Железников Владимир Карпович «Чучело» 2018г
3. Гальдяев Владимир Леонидович

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шынгирбаева Светлана Жумабаевна,

**Жайық негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Жайық ауылы**

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет екендігі айқын. Функционалдық сауаттылықтың маңызын түсінген оқушы әрбір пәндегі берілген білімге қол жеткізудің бірден бір тиімді құралы ретінде қабылдауы тиіс. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу сауаттылығын, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын, математикалық сауаттылығын, компьютерлік сауаттылығын, денсаулық мәселесіндегі сауаттылықты, құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынатын нысандар анықталды:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары); оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
- барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас

қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен үйден, отбасынан басталады. Өйткені, ата – аналардың балаларды оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің (механизмдерінің) бірі болып көрсетілген. Отбасында әрбір грамды, ватты, минутты есептей алмайтын және де есептегісі келмейтін баланың үй шаруасына да қыры болмайды. Баланың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлық әдеттерден арылтуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата – ана бойында да болуға тиіс. Ата-аналар баланың ұғынуына көмектесулері керек. Үйде жарық пен тұрмыстық приборларды дер кезінде сөндіру, токтан ажырату қажеттігін, есік алдағы су құбырының краны арқылы тамшыдан өзен құралып қайта ағып кетіп жатқанын бала білуге тиіс. Еңбектің бағасын білген бала оның нәтижесін де жақсы бағалай біледі. Осының бәрінде аса терең ата – ананың функционалдық сауаттылығы тұр.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы аталған шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек.

Қорыта айтқанда, тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту – білім беру мамандарына артылған жауапты міндет екенін түсінгеніміз жөн.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САУАТТЫ ЖАЗУ ЖӘНЕ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТА ОТЫРЫП, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

**Ақтөбе қаласы,
«Шаңырақ» аула клубы.**

**Жолдасова Ғазиза Мухиядинқызы-қосымша білім беру педагогы,
Сагиева Қымбат Ахметкалиевна-әдіскер**

Қазіргі таңдағы әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруда білім мен тәрбие ұштасқан тұста ғана оқу үрдісі нәтижелі болады.

Жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде ұлттық санасын оятып, тілін дамытып және білім беруді тиімді әдістемемен жандандыра түсіп дамыта оқу керектігі туындап отыр. Оқушының тілін дамыту – қазіргі кезде оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе.

Біздің елімізде қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Соған орай оқу орыс тілінде жүретін сыныптарда егемендік еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие.

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа.

Өйткені, орыс топтарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады.

Тілдің құдіреті оның міндетті қызметінде «Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі» тіл ғылымдарының ғалымы М. Балақаев айтқандай, қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту болса, оның кешенді тармағы – тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін мемлекеттік тілді жетік меңгерген оқушыларды тәрбиелеу болып табылады.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде олардың қазақ тілінен білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс. Тілді үйретуде мәтіннің қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленген: мәтін мазмұны толықтай аяқталып, белгілі бір логикалық жүйеге бағынуы; мәтін тақырыбы күнделікті өмір талабына сай, танымдық сапасы жоғары, тәрбиелік мәнінің зор болуы; мәтін мазмұны оқушылардың түсінісуіне қолайлы, даму деңгейлеріне сай болуы; мәтінді іріктеп, таңдауда фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктердің ескерілуі; мәтін мазмұнының нақты, қызықты болуы.

Тілде қарым-қатынас жасау сөйлесім әрекетінің барлық түрлері тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім әрекеттерінің негізінде жүзеге асырылады.

Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мәтіндермен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың сөздік қорларын байытып, сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Мәтіндермен жұмыс барысында оқушылардың өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, қазақ тілі бойынша білімдері толық түсері сөзсіз. Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты.

Басты мақсатым – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, сауатты жазуға үйрету, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тілін құрметтеуге, Отанды сүйуге баулу.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар: дыбыстармен жұмыс; сөздіктермен жұмыс; сөздік қорларын жетілдіру; тіл дамыту; ережемен жұмыс; ауызша сөйлей білуге дағдыландыру;

Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, т.б.) меңгерту.

Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау. Мәтінмен жұмысты былайша ұйымдастырамын: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі жанама ойды таптыру, қорытынды жасату.

Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу. Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар: логикалық сұрақтар, сөздік жұмыстар, фонетикалық жаттығулар, сөйлем құру, мәтінге жоспар құру, аударма, мәтінге ат қою, диалог, ситуация құру, мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту.

Осы аталған іс әрекеттерді жүзеге асыруда оқушылар өзара тілдік қарым қатынасқа түседі. Тілдік қарым қатынасқа түсу деген сөз – біз оқытудың коммуникативтік технологиясын да іске асыру. Мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолдану мұғалімнің жеке зерттеушілік жұмыстары үшін өте пайдалы: Дауыстап оқыту арқылы – оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі – оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады. Іштей оқу – бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: оқушыларға іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беріліп, қай жерге дейін оқу керектігін белгіленеді. Әркім белгілеген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байқатады. Осылайша оқушылардың оқу шапшаңдықтарының мөлшерін мұғалім өзі белгілеп отырады.

Тіл дамыту жұмысы – күрделі де шығармашылық процесс. Тіл байлығының мол болуы бір жағынан балада жаңа құбылыс, көрініс, ұғымдар мен түсініктердің көбеюіне, ал екінші жағынан, тілді жан-жақты меңгеруіне байланысты. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады. Тіл дамытудың негізгі мақсаттары: өз ойын жүйелі

түрде еркін жеткізе білу; байланысты сөйлей білу; мазмұндылығы; анықтығы, мәнерлілігі; грамматикалық, орфографиялық қатесіздігі.

Тіл дамытудың негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін, оқудың алғашқы аптасында мына мәселелерді анықтап алдым: сыныптағы әрбір баланың жалпы сөздік қоры; сөздің дыбыстық жағын меңгеру дәрежесі; байланыстырып сөйлеу дәрежесі. Сөзді, сөйлемді, сөз тіркестерін тақтадан, кітаптан, дәптерден дұрыс оқыта білу – қазақ тілін меңгертіп, сөздік қорларын молайтуға септігін тигізеді. Мәтінмен жұмыстың негізгі міндеттері: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлемді дұрыс құрай білуге, байланыстырып сөйлеуге, еркін оқуға үйрету.

Сөйлеу және оқуды меңгерген соң, жазу тілі қалыптастырылады. Сөз – тілдің негізгі өлшемі. Мәтінмен жұмыс тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тіл дамыту жұмыстарында жаңа сөздермен жұмыс ерекше орын алады. Тақырыпқа байланысты сөйлем және сурет бойынша әр түрлі мәтін құрастыру, жаттығу жұмыстарын жазу, кешендік талдау жасау.

Жазу арқылы жүйелі сөйлеуді, сөйлеу стилін үйрету және ауызекі сөйлеуге жұмыс жасатуға болады. Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі – диалог арқылы дамыту. Диалог құру үшін белгілі бір тақырыпта оқуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып диалог дұрыс құруға тырысады. Бұл оқушының тілін дамытады.

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім өз жұмысына талдау жасап, қызметіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін көре алады. Мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап, түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады; қазақ тіліне қызығушылық көтеріледі, ауызекі сөйлеуі дамиды, коммуникативтік дағдылар қалыптастырылады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Бұл сұраққа мынандай деректер келтіруге болады. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат: жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай білу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Орыс тілінде білім беретін мектептегі қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің алатын орны ерекше. Сондықтан, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беру, тіліміздің өзіндік қалыптасқан ережелерін, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Қорыта айтқанда, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту,

көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту жолдары түсіндіріліп, ағымдағы оқу жылында мәселені бірлесіп шешу енгізілді. Сондықтан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру Қазақстан мектебі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың басты ұстанымы болуы шарт. Осы ретте, қазақ тілі пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАВЫКОВ АРГУМЕНТАЦИИ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ГУМАНИТАРНОГО ЦИКЛА

Сулейменова Р.С.

ЗКО Теректинский район
КГУ «Комплекс школа-ясли-детский сад Аксуат»
учитель русского языка и литературы

С середины XX века понятие аргументации становится важным компонентом гуманитарного знания.

Совершенствование этого навыка является ключевым аспектом успешной коммуникации. Сегодня трудно представить обучению без понимания необходимости аргументировать, убедительно представлять свою точку зрения, доказывать или объяснять высказанное положение.

Обновлённая система образования РК даёт возможность усовершенствовать базовые умения и навыки, формируемые у школьников: точно и правильно излагать свою точку зрения по предложенной теме, прислушиваться к чужому мнению, подбирать различные доказательства к аргументам, формулировать выводы, логично и последовательно строить свою устную и письменную речь, используя приемы критического мышления.

Тема исследования: «Совершенствование навыков аргументации через использование эффективных методов обучения на уроках гуманитарного цикла».

Цель работы: теоретически обосновать и определить эффективность использования предложенных приёмов для совершенствования навыков аргументации в процессе письма и говорения.

Задачи: выбрать эффективные методы и приемы обучения аргументации, которые будут использоваться на уроках.

Актуальность.

На учителей русского языка и литературы возлагается задача научить учеников казахских классов строить аргументированную речь, выступать в дебатах, дискуссиях, создавать устные высказывания и письменные творческие работы, критически осмысливая и анализируя различную информацию.

Данные навыки необходимы для учащихся при подготовке к СО, СОЧ и СОР, где им предстоит писать эссе, выражать своё мнение по проблеме, аргументировать его, опираясь на знания, жизненный или читательский опыт. Но, анализируя устные высказывания и письменные работы школьников, мы часто сталкиваемся с тем, что у учащихся по-прежнему вызывает трудности аргументация собственного мнения: наблюдается шаблонное начало, неразвёрнутость доказательств, недостаточная формулировка выводов, неумение использовать словесные формулы — всё это мешает им решать те или иные коммуникативные задачи (создание устного или письменного монологического высказывания по определённым темам, давать полные ответы, излагать мысли логично и

последовательно и др.). И сами старшеклассники на вопрос «Что больше всего вызывает затруднение при подготовке к внешнему суммативному оцениванию?» ответили: «Подбор аргументов». Так что же такое аргументация?

Аргумент – это довод, основание (или их совокупность), приводимые в доказательство высказанной мысли.

Аргументировать – т.е. приводить доказательства, аргументы.

Аргументация - интеллектуально-коммуникативная деятельность, основанная на выполнении текста или его фрагментов, той или иной точки зрения и на убеждение оппонента. Основу аргументации составляют причинно-следственные смысловые отношения

Цель аргументации состоит в убеждении аудитории в истинности какого-либо положения, склонение людей к принятию авторской точки зрения, побуждение к размышлениям или действиям.

Для эффективного обучения аргументированной устной и письменной речи, нам было бы полезно обратиться к технологии развития критического мышления, предложенной американскими учеными Ч. Темпл, К. Мередит и Д. Стилл, адаптированной и обогащенной петербургскими учеными Галактионовой Т.А., Загашевым И.О., Заир Бек С.И., Муштавинской И.В., Трифионовой Е.А.. Эта технология позволяет ученикам работать с текстовой информацией и использовать ее для создания аргументативных устных и письменных работ.

Мы проводили Исследование урока в 7«А» классе с казахским языком обучения. В результате наблюдения выяснили, что на стадии подготовки и написания творческой работы можно использовать приёмы, позволяющие:

1) систематизировать и анализировать информацию: концептуальная и сводная таблицы: «Инсерт», приемы: «Круги на воде», «Литературная пирамида», «Плитка», стратегии работы с вопросами «Ромашка Блума» и др.;

2) формулировать и решать проблемы: стратегии «Двухчастный дневник», «Характеристика героя», «Переломный пункт», «Бортовой журнал» и др.;

3) работать с понятиями: приём «Концептуальное колесо», Денотатный граф и др.;

4) строить аргументированное высказывание: таблица «Перекрестной дискуссии», прием «За и против» и др.;

5) умение интерпретировать, творчески перерабатывать новую информацию, давать рефлексивную оценку пройденного: синквейн, кластеры, эссе и другие приёмы рефлексивного письма.

Все эти приёмы развивают у учащихся навыки аргументирования, формируют собственную позицию.

Так на уроке русского языка и литературы в 7 классе по разделу «Культура: характер и личность» учащимся на основе прочитанного текста «Некрасивая девочка» Н.А. Заболоцкого было предложено заполнить таблицу «Двухчастный дневник», развивающую навыки работы с информацией и умение ставить и решать проблемы. Учащиеся в таблице обозначили цитату и комментарий и сформулировали вывод. Работа с таблицей способствовала не только развитию критического мышления учащихся, умению извлекать информацию из прочитанного текста, но и планированию и созданию аргументированной творческой работы с соблюдением структуры, логичности и последовательности — обращения к людям. Чётко выстроенная таблица помогла учащимся сформулировать позицию в письменной работе, определить проблему, предоставить аргументы и сделать вывод.

Одним из методов «извлечения выводов», используемых для аргументации, является сравнение. Он делает аргументы более ясными, интересными и убедительными, стимулирует мысль, поясняет необычное, вызывает интерес к привычному. Эффективным приёмом сравнения для отработки навыков аргументирования считается приём «Переломный пункт», где учащиеся выявляют общее и частное при сравнении двух и более предметов, явлений, фактов и т.д. Описывают предмет в начале произведения и в конце произведения.

Пример использования данного приёма на уроке русского языка и литературы — урок по теме Л.Н. Толстой «После бала», нацеленное на отработку навыка аргументации. Это прием даёт возможность проанализировать и в графической форме представить всю информацию, до бала и после бала. Рефлексия учащихся показала, что визуальная форма подачи информации и простота расшифровки диаграммы значительно облегчили

построение письменного высказывания.

Транскрипт рефлексии ученика Б. М. «Написать творческое письмо мне было нетрудно, потому что в составленной на уроке диаграмме «Переломный пункт» все аргументы разложены по полочкам и в голове — ощущение порядка. Это помогло мне не запутаться в суждениях».

Одним из продуктивных методических приёмов самостоятельного извлечения информации для написания аргументированного письма является, на наш взгляд, «ПОПС»

(Позиция-Обоснование –Пример- Суждение (вывод), помогающий выявить у учащихся наличие/отсутствие собственной позиции, умение/ неумение строить доказательство, умение/неумение приводить аргументы, опираться на чей-либо авторитет.

Задача — помочь ученикам научиться независимо размышлять об отдельных моментах текста, которые помогут в создании любых устных и письменных работ, где требуются рассуждения и доказательства.

На уроке в 7 классе на тему «Что такое ЗОЖ?» учащимся был предложено самостоятельно составить статью, интервью и заметку о ЗОЖ.

Критериями оценивания письменной работы были:

- соответствие выраженных идеи и взглядов предложенному заданию;
- использование информации из прочитанного текста;
- умение выразить и обосновать свою точку зрения.

На проведённых уроках были и положительные моменты, и недочёты в выполнении учащимися некоторых заданий по навыку ПИСЬМО. Анализ результатов работ семиклассников, их рефлексии, итоги бесед позволили сделать некоторые выводы: приёмы, развивающие критическое мышление, показали эффективность в обучении аргументированной письменной речи учащихся.

Сравнивая результаты письменных работ с использованием приёмов «Характеристика героя», «Двухчастный дневник», « ПОПС» с результатами предыдущих уроков, можно заметить небольшой прогресс в выполнении учащимися заданий по составлению аргументированного письма.

Если письменные творческие работы учащихся, написанные в 1 и 2 четвертях, показывали результаты «средние» и «ниже среднего» — это, соответственно, 60–45% правильно выполненных работ, то в работах учащихся замечен небольшой прогресс-3-4%.

По нашему мнению, систематические поиски различных методов и приёмов с целью улучшения результатов письменных работ учащихся приводят к продвижению, пусть даже небольшому.

Таким образом, обучение аргументированной речи является важной задачей для учителей русского языка и литературы в казахских классах. Использование технологии развития критического мышления и различных методов критического мышления поможет учащимся развить навыки аргументации и сформировать собственную позицию по изучаемой проблеме.

Стоит отметить, что ещё не все учащиеся успешно справляются с письменными заданиями. Трудности вызывает подбор сильных аргументов и убедительных примеров.

Исходя из опыта работы, мы рекомендуем коллегам использовать интересные задачи и разнообразные учебные материалы, а также оказывать поддержку и помощь ученикам в их развитии. Только в таком случае можно достичь общего роста и улучшения навыков аргументации учащихся.

В заключение хочется отметить, что данное исследование имеет актуальность и важность для развития учащихся.

Оно поможет учителям русского языка и литературы эффективно организовывать процесс обучения, а также развивать личностные и коммуникативные навыки учащихся.

Литература.

1. Формирование аргументативных умений старшеклассников на уроках русского языка. <https://infourok.ru/formirovanie-argumentativnih-umeniy-starsheklassnikov-na-urokah-russkogo-yazika-810500.html>

2. Технология формирования умения аргументации у обучающихся общеобразовательной школы. <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologiya-formirovaniya-umeniya-argumentatsii-u-obuchayushchihya-obsheobrazovatelnoy-shkoly>


МЕНИҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ



Муканова Г.Н.


Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный №1
жалпы орта білім беретін мектебі, Қазақ тілі мен әдебиеті орыс
сыныбындағы пәнінің мұғалімі,
педагог - зерттеуші

Пән: Қазақ тілі Т2	Бөлім: 8. Менің тәуелсіз Қазақстаным
Сынып: 5Д	Қатысқан оқушылар: 10 Қатыспаған оқушылар : 0
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	5.4.2.1 - табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу 5.5.1.6 - мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы:көркем шығарманың мазмұнын түсінеді, таныс сөздерді қолдана отырып, сұраққа жауап береді. Көбі:таныс сөздерді қолдана отырып, сұрақ қояды және сұраққа жауап береді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Сабақ тың басы	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: 		«Шапалақ» «Бағдар-шам»	Слайд Үлестір мелі топтамалар Интербел-сенді тақта
Сабақ тың ортасы	1.Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталады, жаңа тақырыпқа байланысты сөздіктермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталады.	Тыңдалым,айтылым. Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады. Аудармасын мұғалімнің көмегімен айтып шығады.	«Шапалақ» Дескриптор Збалл -Суреттеп жазады	Оқулық сөздік слайд АКТ,портрет, суреттер, тірек сызбалар

	<p>Айтылым Қосымша тапсырма Жеке жұмыс</p> <p>Айтылым Жазылым 1-тапсырма Жеке жұмыс</p>	<p>Мойындау-признавать Қиыншылық-трудность Қарыштап даму-интен- сивно развиваться Жоғары Кеңес-высший совет</p> <p>Айтайық «Музыкалық қобдиша» 1.Төлқұжатта, туу туралы қуәлікте, орта білім туралы аттестатта құжаттарда бейнеленген (Елтаңба) 2.Президент резиденци- ясында, Үкімет үйінде ілулі тұрады. Барлық мекемелерде бар. (Ту) 3.Республика, облыс, аудан көлеміндегі маңызды салтанатты мәжілістерде орындала- ды. (Әнұран) 4. Елтаңба, ту, әнұран – бұлардың бәрі (мемлекеттік рәміздер) 5. Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз?</p>	<p>«Бас бармақ»</p> <p>Дескриптор 4 балл</p> <p>-Түсіндіреді -Талқылайды «Өзін- өзі бағалау»</p>	<p>Слайд Оқулық</p>
	<p>Жазылым 2-тапсырма Жұптық жұмыс ЕББҚ:(Зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы (ЗТГС) (даралап оқыту тәсілі арқылы) Тапсырма орындау- да «Аяқталмаған сөйлем» әдісі қолданылады. Жеке қажеттілігі бар оқушыны (төмен деңгейлі)«қолдау» Сергіту сәті</p> <p>Тыңдалым Оқылым 3-тапсырма Жеке жұмыс</p> <p>Оқылым Айтылым 5-тапсырма Топтық жұмыс</p> <p>4-тапсырма Жазылым</p> <p>7-тапсырма Айтылым Жұптық жұмыс 8-тапсырма Жазылым Айтылым</p>	<p>Айтылым Суреттер бойынша әңгімеле.</p> <p>Менің Қазақстаным – Менің Болашағым</p>  <p>Жазылым</p>  <p>Сергіту сәтін орындай- ды. «Қара жорға» биі.</p> <p>Оқылым Ақпарат көздерінен мәтін мазмұнына қатысты материалдар жинап, тұсаукесер өткізіндер.</p> <p>Тұсаукесерді сынып алдында қорғандар.</p> <p>Айтылым</p>	<p>Дескриптор 3 балл -Сұхбаттасады -Сұраққа жау- ап береді «Блоб ағашы»</p>	<p>Оқулық, қабырғаға ілінген ватман дар, түрлі-түсті маркерлер.</p> <p>Оқулық</p> <p>Слайд</p> <p>Кесте</p> <p>Таратпа лар</p>

		<p>«Ой моншақ». Парта бойынша тақырып мазмұнын ретімен айтыңдар. Сөйлем құрай алмаған оқушылар өнер көрсетеді. Жазылым</p> <p>Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра. Айтылым Диалогты толықтырыңдар.</p> <p>Айтылым Жағдаят</p>		
Сабақтың соңы 3 минут	Үй тапсырмасын беру : 6- тапсырма			
	Кері байланыс	Өз деңгейлерін анықтайды.		
				
Бағалау	Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. Смайликтер арқылы формативті бағалау жүргізіледі.			



ФИЗИКА АТОМА И МОЛЕКУЛ КАК ВОЗМОЖНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОРИЕНТАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ

Серикова Рада Муратовна

учитель физики
ЗКО, Теректинский район, КГУ
Подстепновская №1 ОШ

Содержание учебного предмета «физика» отражает её развитие как науки. Рассматривая историю науки, видно, что многие кардинальные изменения в знаниях об окружающем мире были связаны с большими трудностями в принятии новой информации, особенно если она резко противоречит уже устоявшейся картине мира. Так, западная цивилизация просуществовала несколько столетий в твердом убеждении, что Земля плоская. Это хотя и не соответствовало действительности, но и не мешало людям составлять карты и вполне успешно ориентироваться по ним. Признание утверждений Н. Коперника, Г. Галилея и других ученых о том, что Земля – шар и вращается вокруг Солнца, потребовало длительного времени. Более 2000 лет просуществовала уверенность в том, что

атом является мельчайшей неделимой единицей всего сущего. И когда на рубеже XIX-XX веков наука открыла субатомные элементарные частицы (электрон, протон, нейтрон и др.), это полностью изменило все базовые представления о Вселенной [1].

Приведенные примеры и множество других, демонстрирующие изменения в представлениях о природе, показывают непрерывное развитие науки, стремление человеческой мысли к новым знаниям, к разгадке законов окружающего мира. В познании законов природы принимают участие многие ученые различных стран, в различные исторические периоды, внося свой вклад в науку. Накопленные достижения позволяют внести принципиальные изменения в известные фундаментальные понятия и законы о тех или иных физических явлениях. Это делают ученые, обладающие особой самостоятельностью мышления, способностью утверждать высказывания вопреки авторитетному мнению, уверенностью в своих силах и правильности пути. Им в наибольшей степени свойственно вечное стремление к познанию глубин материи.

Достижения физической науки дают возможность понимания окружающего мира и широко используются в практической деятельности. Тепловые и электрические двигатели, генераторы, радио и телевидение, и многое другое без чего немислима жизнь современного человека, является следствием фундаментальных физических исследований. Традиционно в содержание физического образования высшей и средней школы включается изучение фундаментальных теорий, их экспериментальных основ, научной и практической значимости. В такой же логике в содержание обучения должно войти изучение нанотехнологий. Они могут быть рассмотрены на аудиторном занятии или изучаться по плану самостоятельной работы в форме рефератов и проектной деятельности. Обсуждение результатов самостоятельной исследовательской деятельности учащихся может проводиться в форме тематических конференций и защиты проектов.

Термин «нанотехнология» и область науки и техники, именуемая нанотехнологией, появились сравнительно недавно. Однако перспективы развития и внедрения нанотехнологий грандиозны и широко входят в сознание общества. Нанотехнологии это «самые высокие» технологии, на развитие которых ведущие экономические державы выделяют огромные финансовые ресурсы. По прогнозам ученых нанотехнологии в XXI веке произведут такую же революцию в использовании свойств материи, какую в XX веке произвели компьютеры в процессе обработки информации, а развитие и внедрение нанотехнологий изменит жизнь человечества больше, чем освоение письменности, паровой машины или электричества. Возможности использования нанотехнологий неисчерпаемы: от введения в организм наноконпьютеров, убивающих раковые клетки и ремонтирующих поврежденные ткани и органы, до автомобильных двигателей, не загрязняющих окружающую среду. В профориентационной работе учитель физики может показать для учащихся перспективы их будущей деятельности как в разработке теоретических основ нанотехнологий, так и в их практической реализации в самых различных направлениях современной науки и техники от микропроцессов до проблем современной космонавтики в зависимости от склонности и интересов.

Об идее древнегреческого философа Демокрита о существовании самой малой частицы вещества обучающиеся узнают с самого начала изучения физики. Он, еще 2400 лет назад, для обозначения такой частицы использовал слово «атом». Интересно и полезно обучающимся может быть информация о роли малых частиц в истории физики прошлого столетия. Эта история отразилась в конкретных открытиях и научных и технических разработках ученых различных стран, среди которых можно выделить следующие.

1905 г. Швейцарский физик Альберт Эйнштейн опубликовал работу, в которой доказал, что размер молекулы сахара составляет примерно 1 нанометр.

1931 г. Немецкие физики Макс Кнолл и Эрнст Руска создали электронный микроскоп, который впервые позволил исследовать нанообъекты.

1959 г. Американский физик Ричард Фейнман впервые опубликовал работу, в которой оценивались перспективы миниатюризации. В своей легендарной лекции «Там внизу – много места», произнесенной им в Калифорнийском Технологическом Институте он наметил основные положения нанотехнологий, и научно доказал, что фундаментальные законы физики не противоречат созданию вещей непосредственно из атомов.

1968 г. сотрудники научного подразделения американской компании Bell, Альфред Чо и Джон Артур, разработали теоретические основы нанообработки поверхностей.

1981 г. Германские физики Герд Бинниг и Генрих Рорер создали сканирующий туннельный микроскоп, прибор, воздействующий на вещество на атомарном уровне.

Через четыре года они получили Нобелевскую премию.

1985 г. Американский физики Роберт Керл, Хэрольд Крото и Ричард Смолли создали технологию измерения предметов диаметром в один нанометр.

1986 г. Создан атомносиловой микроскоп, позволяющий, в отличие от туннельного микроскопа, осуществлять взаимодействие с любыми материалами, а не только с проводящими.

1998 г. Голландский физик Сеез Деккер создал нанотранзистор.

В последнее десятилетие наблюдается бурное развитие нанотехнологий во многих странах.

Современные школьники, проявляющие интерес к науке и технике, могут в будущем внести свой вклад в создание идеальных технических систем, то есть с систем очень малой массы, габаритов и энергоемкости при одновременном увеличении количества выполняемых ими функций. Закон увеличения степени идеальности гласит: развитие всех систем идет в направлении увеличения степени идеальности. Подтверждением этого закона служит постоянное стремление производителей микроэлектроники и бытовой техники к миниатюризации, созданию устройств всё меньших размеров со все большими функциональными возможностями (сотовые телефоны или ноутбуки: размер все уменьшается, в то время как функциональность только растет). Нанотехнологии и наноустройства являются закономерным шагом на пути совершенствования технических систем. Уже создаются и будут создаваться устройства, функциональные возможности которых определяются необычными свойствами новейших материалов. Благодаря обработке на атомарном уровне, привычные материалы будут обладать улучшенными свойствами, постепенно становясь все легче, прочнее и меньше по объему. За областью нановеличин лежат области пико (10¹²), фемто(10¹⁵), атто(10¹⁸) и т.д. величин с еще неизвестными и непредсказуемыми свойствами которые предстоит исследовать.

По мнению ученых в настоящее время необходимо формирование молекулярной и атомарной грамотности, обучение новых поколений учащихся нанотехнологиям [2].

Литература

1. К. Богданов, Нанотехнологии: когда размер имеет значение, научно-популярный физико-математический журнал «Квант», 2008. - №4 6 с.
2. Б. Беренфельд, директор Международного центра Конкорд Консорциум, материалы семинара «Нанотехнологии и материаловедение. От исследования до школьного класса», Лондон, 2009.


ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОРЫҚТАР

Нагимова Б.Ж.

Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный № 1 ЖОББМ
Қазақ сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Бөлім:	5-бөлім: Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис
Пәні	Қазақ тілі
Сыныбы:	8 «А»
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	Ж. 8.3.3.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; ӘТН.8.4.4.2.- тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану

Сабақтың мақсаты:	-сызбамен берілген мәтіндегі маңызды тұстарын анықтап жазады; -сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы қызметін түсініп қолданады
-------------------	--

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушы-лықты ояту.	I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен мен амандасу, түгендеу. Оқушыларды шеңбер құрып тұрғызып, «Менің ең жақсы көретін жануарым» тақырыбында сөйлету. Топтарға бөлу.	Оқушылармен мен амандасады. 1-топ: «Жануарлар». 2-топ: «Өсімдіктер». 3-топ: «Құстар». 4-топ: «Балықтар».		Оқу-лық жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа кіріспе	Өткен сабақты пысықтау. Топтарға «Қарлы кесек» әдісімен сұрақтар қойылады 1.Қазақстанның «Қызыл кітабы» қашан құрылды? 2.Ол туралы не білесің? 3. Дала жануарларының қандай түрлерін атап бере аласың? 4. Өздерің тұратын елді мекенде қандай жануарлар бар? 5.Сөйлем мүшелері дегеніміз не? 6.Неге тұрлаулы мүшелер деп аталады? 7.Сөз тіркестері мен сөйлем мүшелердің айырмашылығы қандай?	Сұрақтарға толық жауап береді	Жақсы, Жарайсың	Оқулық
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.	Жаңа сабақ. Қазақстандағы қорықтар. Қазақстан қорықтары туралы не білеміз? «Джигсо» әдісі 1-тапсырма. Картадан Қазақстандағы қорықтардың қай жерде және қалай аталатындығы туралы анықтап жаз. Qcod арқылы топтарға қорықтар туралы мәліметтер беріледі.	-оқушылар ойларын айтады; -Qcod арқылы топтар берілген қорықтар туралы мәліметтер-мен танысады. -топта талқылайды. -кестедегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазады;	Сабаққа белсене қатысқан оқушы бағаланады Жарайсың! Топтар бір-бірін бағалайды. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі	Оқу-лық (Баспа-сөз материалдарынан) Ақпа-раттық желілер Оқулық
	 <p>Грамматикалық тақырып. Пысықтауыш Ережемен таныстырады. Сөйлем мүшесіне талдауға сөйлем беріледі.</p>			

	<p>Оқушылар берілген тапсырманы жақсы орындап шықты.</p> <p>Жеке жұмыс Берілген мақал-мәтелдерден пысықтауышты табу.</p> <p>Топтық жұмыс. «Ойлан, жұптас, топтас» әдісі</p> <p>2-тапсырма. «Қазақстанның Қызыл кітабы» тақырыбына топтық жұмыс орындату.</p> <p>Әр топ берілген тақырып бойынша материал жинап, постермен қорғауы қажет. 1-топ: «Жануарлар». 2-топ: «Өсімдіктер». 3-топ: «Құстар». 4-топ: «Балықтар».</p> <p>Оқулықпен жұмыс.</p> <p>Кестедегі ақпараттың маңызды тұстарына анықтауға және кемі 8-10 сөйлем құрауға тапсырма беріледі.</p>	<p>-сөйлем мүшелеріне талдайды;</p> <p>Мақал-мәтелден пысықтауыш-ты табады.</p> <p>-Оқушылар материал жинайды. -талқылайды. -постер қорғайды.</p> <p>-маңызды тұстарын анықтайды. -8-10 сөйлем құрайды.</p>	<p>«Бас бармақ» әдісі</p> <p>Жарайсың!</p> <p>«От шашу» әдісі</p> <p>Жарайсың!</p>	<p>Үлес-тірмелі қағаз</p> <p>Үлес-тірмелі қағаз</p> <p>Оқу-лық</p>						
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия</p>	<p>Кері байланыс «ҚАҚ»-«Қосу, алу, қызығамын» кері байланысы</p> <table border="1"> <tr> <td>Плюс (қосу)</td> <td>Сіз үшін пайдалы мәлімет</td> </tr> <tr> <td>Минус (Алу)</td> <td>Сіз сәтті немесе пайдасыз санаған мәселе</td> </tr> <tr> <td>Қызықты</td> <td>Сіз болашақта пайдалы және қызықты болды деп санаған ақпарат</td> </tr> </table>	Плюс (қосу)	Сіз үшін пайдалы мәлімет	Минус (Алу)	Сіз сәтті немесе пайдасыз санаған мәселе	Қызықты	Сіз болашақта пайдалы және қызықты болды деп санаған ақпарат	<p>Оқушы бүгінгі сабаққа қорытынды жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің бағалауы</p>	<p>Үлес-тірмелі қағаз</p>
Плюс (қосу)	Сіз үшін пайдалы мәлімет									
Минус (Алу)	Сіз сәтті немесе пайдасыз санаған мәселе									
Қызықты	Сіз болашақта пайдалы және қызықты болды деп санаған ақпарат									

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мутиева Куляш Жаксылыковна

Зерттеуші-педагог
БҚО, Теректі ауданы
«Чапаев жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Шағын жинақты мектеп, оның проблемалық мәселелері және қазіргі жағдайы мен даму болашағы туралы, соның ішінде білім сапасы да соңғы бірнеше жыл бойы семинарлар мен сайыстарда, педагогикалық отырыстарында жалпы мұғалімдердің ортасында, яғни баспасөз беттері мен әлеуметтік желілерде біршама айтылып та, жазылып та, талқыланып та жүр. Әрине, оның ішінде құнды ой - пікірлер де, жаттанды ойлар да барынша жеткілікті.

Алдымен, шағын жинақты мектеп дегенде көз алдымызда міндетті түрде шағын ауыл, ауыл балалары мен екі немесе үш сыныптың бір кабинетте қатар оқитын сол ауылдың мектебі тұрады. Ендеше, шағын жинақты мектеп дегеніміз не? Әуелі ғылыми

түрде айтатын болсақ, шағын жинақты мектеп дегеніміз – оқушыларының саны аз, біріктірілген сыныптардан, толық емес сыныптардан тұратын, оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі деп сипатталған.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ауыл тұрғындарының қалаға жаппай көшуі, жастардың жұмыссыздықтан ауылда тұрақтамауы шағын мектептер санының артуына әкеп отыр. Зерттеулерге сүйенсек, еліміздегі оқушылардың әрбір жетіншісі шағын жинақталған мектепте оқыса, әрбір төртінші мұғалім шағын жинақталған мектептерде сабақ береді екен.

Шағын жинақты мектеп мәселесін зерттеушілер Ж.Қ.Астамбаева мен Г.И.Уәйісова «Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы» атты еңбекте «Қазақстан топырағында ондай мектептің пайда болуы Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметімен тікелей байланысты XVIII ғасырдың 60 жылдарында дүниеге келді. Содан бері бұл үлгідегі мектептің мәселесі күн тәртібінен түспей келеді» деп атап көрсетеді [1, 3].

Дегенмен, мектеп құрылымы бұлай өзгеше аталғанымен, мұндағы білім мен тәрбие сапасына қойылатын талап барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаппен бірдей екенін жақсы білеміз. Сондықтан да шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастырумен қатар, оның оқу сапасына да басты назар аударуды қажет етеді. Ал, осы шағын мектептегі оқу сапасын қалай арттыруға болады?

Сыныптарды біріктіріп оқыта отырып, жақсы білім сапасын беру мұғалімнен тәжірибе мен үлкен қажырдылықты талап етеді. Бір ғана 40-45 минутта екі тақырыпты бірдей қамтып, әр минутты тиімді пайдалану қажет. Сондықтан да шағын жинақталған ауыл мектептерінде қызмет атқару қала мектептеріндегі жұмыс жүйесіне қарағанда әлдеқайда күрделі. Екі сынып қатар оқытылатындықтан сабақ кестесін, сабақ жоспарын дұрыс әзірлеу, оқушылардың өздері орындайтын тапсырмаларды орындау жұмысын мұқият ұйымдастыру, сабақ уақытында мейлінше дұрыс пайдалану керек. Яғни, бірінші орында уақытты дұрыс белгілеу қажет, себебі қатар оқылатын сыныптарда тапсырманы уақытында орындата алмасаң, әрине, оқушының қай деңгейде орындай алатынын білу қиындық тудырады.

Екіншіден, әр пән мұғаліміне арнайы көмекші құралдар болса, кітапша немесе жинақтар, өйткені осы өзім оқытатын біріктірілген сыныптардағы жағдайды айтсам, әдеттегідей екі сыныпқа қатар сабақ жоспарын жазу, күнтізбелік жоспардағы кейбір ұқсас тақырыптарды біріктіру, тапсырмаларды ұқсастырып, үйлестіру үлкен шеберлікті қажет етеді. Сабаққа дайындалуда оқытушы шектен тыс жүктеме орындайды, басқаша айтқанда, бір сыныппен жұмыс істегенде сабақтың мақсаты, логикалық құрылымы оқушы мен оқытушыға бірдей, ал бірнеше сыныппен жұмыс істеуде бір сабақ әрқайсысы бір сабақ ретінде бірнеше кішкентай тақырыптардан тұрады да, мұғалім бір күнде 8-16 сабаққа, оның әр бөлігін санағанда, 32-40 сабақшаларға, олардың логикалық байланысы әр кезеңнің мақсаты мен міндетіне қарай уақытында тиянақты дайындалуда мұғалімге өте ауыр салмақ, сондықтан әдістемелік көмекші құралдар, сабаққа дайын карточкалар, платформалар, мұғалім жұмысын аз да болса, жеңілдететіні сөзсіз әрі білім сапасының көтерілуіне де септігін тигізеді.

Әр оқушы сабағымда берілген материалды қаншалықты игере алды деген сан түрлі сұрақтар ойға оралатын. Осы тығырықтан шығуға өз бетімше әрекеттеніп көрдім. Қазақ тілінен сабақ мақсаттары біршама сәйкес келгенмен, қазақ әдебиеті пәні бойынша 5-6-сыныптарда тақырыптары сәйкес келе бермейді. Сондықтан да тақырыптарды, жеке тапсырмаларды деңгейлеріне қарай және сыныбына сай бөліп отырамын және оқу платформаларын, атап айтқанда, Kahot, galan, quizzz.com padlet, wizer.me, jamboart wordwall.net арқылы тапсымалар орындатып, оларды жиі қолдануға тырысамын. Нәтижесінде оқушылар қызығушылығын тудырып, тақырыпты барынша меңгеріп алатын болды. Дегенмен барлық пәндер бойынша тақырыптар бірдей сәйкес келе бермейтіні тағы белгілі.

Алайда бұл жерде мынадай проблема тағы бар: 5-6-сыныптағы оқушыларды жаңа мазмұнда оқыту және жұмыстану, бұл жағдайды ешкім ескермеген деп айтуға болады. Формативті, сумативті тапсырмаларды оқушыларға орындату, қазақ тіл пәнінен үлгермей жатамыз, сол себепті жеке, бөлек жұмысты талап етеді. Оның өзін былай қойғанда, қай сыныпқа да сабақ жоспарын жазу да үлкен тиянақтылық пен жауапкершілікті қажет етеді. Демек, бұл жерде барлық күш мұғалімге түседі емес пе?

Шағын жинақты мектептің бүгінгі білім сапасы жайында тағы да мынаны айтуға

болады: сабақ үстінде ұжымдық тапсырмалар орындау мен мұғалімнің бұл сыныптағы шығармашылық белсенділігі шектеледі, арнайы дайындалған әдістемелік оқу құралары жеткіліксіз, оқушының психологиялық ерекшелігіне сай өз ой-пікірін жеткізе алмайды, өйткені шұбалаңқы жазылған және шала аударылған мәтіндік тапсырмаларын орындауға мүмкіндік жоқ және көрнекіліктер өте аз. Біріктірілген сыныптарда, әрине, аз да болса өзіндік жұмыстануға бейім келеді. Өзгенің көмегіне көп сүйене бермейді деген сияқты ұтымды жақтары да бар, ол барлық жерде айтылған, жазылған, сондықтан оны қайталай берудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Бұл-менің көзқарасымдағы шағын жинақты мектептің білім сапасына бұл да ықпал етеді

Ал, үшіншіге тоқталатын болсам, кадр мәселесі, айтыла-айтыла жауыр болған мәселе, дегенмен қашықтан кейінгі жаңарған Қазақстан деген атау түсында осы проблема шешуін тапса екен дейміз! Шағын жинақты мектептің проблемасы сонау 19- ғасырдағы қазақ халқының алғашқы ұстазы атанған Ыбырайдан бастау алған екен, сол дәуірден бері шешілмей келе жатқан мәселені алдағы уақытта шешіп тастаймыз деп айту мүмкін емес. Бірақ та шешу жолдарын қарастыруға болатыны белгілі. Енді шағын жинақты мектеп оңтайлы шешудің тағы бір жолы – бұл жаңа білім беру кеңістігін құру болды. Ол үшін материалдық-техникалық базасы мықты толық білім беретін мектептерден ресурстық орталықтар ашылды. Ресурстық мектеп – бұл шағын жинақты мектеп оқушыларының бейімделген, әр деңгейлі, көп сатылы, саралай және терең білім алуына жағдай жасайтын, оқу-тәрбие дамуын бағыттап отыратын ауыл мектебі, Біріншіден, сол орталықтың жұмысын қайта жаңадандырса, екіншіден, тек қана шағын жинақты мектептерде сабақ беретін мұғалімдердің сабақ жоспарлары үлгісін жасақтап, үздік сабақ жоспары жинақтарын аудан, облыс көлемінде жинақ етіп шығарса, үшіншіден, жаңа мазмұндағы сабақ өткізілетін сыныптарды бөлек жасақтаса, төртіншіден, арнайы пәндер бойынша көрнекі оқу құралдарына сайыс ұйымдастырылса, бесіншіден, оқу-әдістемелік құралдар ең болмағанда әлеуметтік желілерге таратылса, мұғалімдердің дайын сабақ жоспарлары мен көрнекіліктерді пайдалануға мүмкіндік берер еді әрі сабақ уақытын тиімді ұйымдастыруға, мұғалімнің өз уақытын алмауға себеп болар еді деп ойлаймын. Сонымен қатар, ШЖМ мұғалімдерін бөлек арнайы курстан өткізу жыл сайын тұрақты түрде жүргізіліп тұрғаны дұрыс деп есептеймін. Себебі- ШЖМ саны алдағы кезде көбеймесе, азаймайтыны анық. Сондықтан қазақ ауылының жағдайын ойласақ, әлбетте, алдыңғы орында мектеп тұратыны мәлім, ауыл балаларының білімі - қазақ ұлтының болашақ бастауы екендігі айқындалған ақиқат.

Қорытындылай келе, шағын жинақты мектептің болашақта дамуы мен білім сапасы – біздің мұғалімдер қауымының жанкешті еңбегімізге байланысты. Сол тұрғыда арнайы дайындалған кадр, яғни мамандарды дайындауда бүгінгі күннің өзектілігі болып қала береді деп есептеймін.

Туризм и краеведение также способствуют формированию экологической осознанности учащихся. При посещении природных объектов они узнают о роли человека в сохранении окружающей среды, осознают свою ответственность за чистоту, сохранение и охрану природных богатств. Это помогает формированию учащихся как граждан сознательных и ответственных, способных принимать меры по защите окружающей среды. Таким образом, туризм и краеведение играют важную роль в формировании учебного процесса на уроках географии. Они способствуют более глубокому изучению географических объектов, развитию учащихся и формированию их экологической осознанности. Поэтому включение этих аспектов в учебный процесс на уроках географии является необходимым шагом для полноценного освоения предмета и развития учащихся. Научно-методическая работа по развитию туризма и краеведению имеет большое значение для местных сообществ и туристической индустрии региона. Она способствует изучению и сохранению культурного, исторического и природного наследия, а также созданию уникальных туристических маршрутов. Она также помогает повысить качество предлагаемых туристических услуг и привлечь больше посетителей, что способствует развитию экономики и улучшению жизни местного населения.

Используемая литература.

1. Исаченко А.Г., Дягилев А.В. Краеведение в школе. Методическое пособие для учителя. Москва: Просвещение, 2013.
2. Калюжная Е.В., Колесникова Н.М. Туризм как сфера профессиональной деятельности. Учебное пособие. Москва: Российская академия туризма, 2008.
3. Каримов А.А., Ахметов А.Т. Краеведение Казахстана. Учебное пособие. Алматы: Мектеп, 2018.
4. Крылова И.В. Краеведение в начальной школе. Теория и практика. Учебное пособие для учителей. Москва: Дрофа, 2014.
5. Логашев М.С. География и туризм. Курс лекций. Москва: Издательство Московского университета, 2004.
6. Маслова С.В. Туризм в географическом образовании. Учебное пособие. Москва: Флинт, 2012.
7. Никитин В.Н., Гавриловская Г.Р. Краеведение и география: взаимодействие на линии школа - музей. Москва: Педагогическое общество России, 2005.
8. Николаев В.И. Краеведение: история, методология, проблемы. Москва: Институт народов мира, 2011.
9. Okazaki ES. Investigating the Food Tourism Experience: An Exploratory Study. Journal of Culinary Science & Technology, 16(4), 2018.
10. Седова Е.В., Бессмертных М.А. Развитие экологической осведомленности школьников через краеведение и экскурсионную деятельность. Москва: Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, 2009.
11. Сейтова Ш.К., Сейтов Т.К. Краеведение и туризм в Казахстане: теория и методика преподавания. Караганда: Жангы урус, 2016.
12. Соколовский С.А. Краеведение. История и методика преподавания. Учебное пособие. Москва: Издательство Московского педагогического государственного университета, 2012.
13. Семенов Ю.П., Зубкова Н.Е. Туризм и регионоведение. Учебное пособие. Хабаровск: Дальневосточный государственный университет, 2009.



ҚАБЫЛАНБАҰ БАТЫР ЕРЛІГІ

**Мукашева Айнур Гарифоллаевна,
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы,
Кемер ауылы
Социализм негізгі орта мектебі**

Қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолының тарихы талай қиындықтарды көрді. Сол оқиғалардың ішінде ұлт-азаттық көтерілістер де болды. Қазақ халқы Ресейдің құрамында болған кездегі ең бір елеулі оқиғалардың бірі – ол 1836-1838 жылғы Исатай мен Махамбет бастаған ұлт азаттық қозғалысы.

Еділ мен Жайықтың аралығы ежелден еркіндік пен азаттық жолындағы қиыр-шиыр күрестің кіндігіне айналып келгені тарихтан белгілі. Нарынқұм жерінде талай қанды шайқастар болып, халқын бодандықтан құтқару жөнінде көптеген батырлар жауға атойлап ұрыс салып, қол бастапты. Солардың бірегейі – Қабыланбай батыр.

Тақырыптың мақсаты мен міндеттері. Жеріміздің тұтастығын, еліміздің бірлігін халқымыздың қаһарман ҰЛТ екендігін көрсетіп, тәуелсіздік жолында ерлік істерімен көзге түскен батыр бабаларымызды бүгінгі өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп насихаттау.

1. Батыр бабаларымыз туралы халық арасындағы әңгімелер көне көз қарттардың естеліктерін жинақтау.
2. Батырлардың ерлік істеріне қатысты ақтаңдықтардың ақиқатын танып зерттеу.
3. Тарих толқынындағы ғалым зерттеушілердің әдебиетші жазушылардың, тарихшылардың мерзімді баспасөзде жарияланған материалдарын жинастырып оған ғылыми дәйектермен талдау жасау.

Зерттеу әдістері. тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы талдау мен жинақтау принциптеріне негізделеді.

Түйін сөздер. Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, батыр, ұлт-азаттық, Тастөбе, Бөкей Орда.

Кіріспе. 1837-1838 жылдары Ішкі Бөкей Ордасын түгел қамтып, Жайық өзенінің сол жағына да тараған Исатай-Махамбет бастаған халық қозғалысы туралы аз жазылған жоқ. Бірақ көтеріліс тарихын жүйелі зерттеген ғалымдардың көпшілігі қозғалыс көсемдері Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы тұлғаларына ғана барынша көңіл бөлген. Ал олардың айналасындағы сарбаздар, халық батырлары толыққанды ғылыми зерттеуден тыс қалды. Мысалы, Исатай мен Махамбеттің үзеңгілес достары Қабыланбай батыр, Иманбай Қалдыбайұлы, Үбі Үсеұлы, Тәни Түменұлы тағы басқаларның кейінгі өмір жолындары әлі күнге жұмбақ. Олардың қолға түсіп, итжеккенге айдалғаны, бірақ бірнеше мәрте қашып келгені ел арасында аңызға бергісіз әңгімелерде ғана айтылады.

Қозғалысқа қатысып азаттық жолындағы күресте бүтіндей отбасы жойылып, бір атаның ұрпақтарының бір шайқаста қаза болған сәттері де болды. Мұндай оқиғаның бірі осыдан 185 жыл бұрынғы болған Исатай мен Махамбет бастаған Ұлт-азаттық көтеріліс кезінде орын алған болатын. Патшалы Ресейдің отаршыл саясатына көндіге қоймаған тарландардың қасында бір топ үзеңгілес жауынгерлердің де болғаны тарихтан белгілі. Солардың ішінде бас сарбаздардың бірі – Қалдыбай Қосаяқұлының балалары Қабыланбай, Иманбай, Таңатар, Бекайдар, Есмағұл, Есмайл, Уәли, Ғайнижамал, Иманәлі, Сабалақ, Қали, Көпсекті жорықтарға бірге алып жүрген. Олардың ішінен 1836-1838 жылдары болған Исатай-Махамбет көтерілісінде жанқиярлық ерлік көрсетіп, батырлардың жанында серік болған Қабыланбай батыр Қалдыбайұлы туралы сөз қозғамақпыз.

Талқылау нәтижелері. Қабыланбай Қалдыбайұлы, Қапланбай (т. — ө.ж.б.) — батыр, Кіші жүздегі Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі (1836-37) басшыларының бірі. 12 ата Байұлы тайпа бірлестігінің ысық руынан.

Тарихта ХІХ ғасырдың басы, нақтырақ айтсақ 1801 жыл – Бөкей сұлтан Нұралыхан ұлының Жайықтың оң бетіне, Еділ мен Жайық арасына қоныстанып, өз алдына Бөкей хандығын, Ішкі Орданы құрған жылы деп саналады. Сол жылдары Бөкейге ерген қалың жұрттың қарасы көбі – беріш руы деседі. Кіші жүз Байұлындағы ең қабырғалы рудың бірі болған беріштер Бөкей ханның жақын қолдаушысы, арқа сүйер жұрты болған екен. Бірақ Бөкей өліп, билікке Жәңгір жеткенде айналасына жиналған келімсектерге арқа сүйеп, жас билеуші қара қазақтан алыстай бастады дейді. Ал 1837-1838 жылдары болған Исатай-Махамбет қозғалысы басып-жаншылған кезде, хан билігі тарапынан ең көп репрессияға ұшыраған да осы беріш руы өкілдері болатын.[1]

Жалпы, Исатай-Махамбет көтерілісінің сарбаздары туралы сәл-пәл таратып жазған зерттеушілердің бірі – жазушы Әнес Сарай. Ол өзінің «Исатай Махамбет тарихы» еңбегінде бір тақырыбын «Көтеріліс сарбаздары» деп атаған. Жазушы осы еңбегінде жалпы көтеріліске 7 мыңдай сарбаз қатысқанын, бірақ олардың есімін түгел анықтау «аяғы жерге тимейтін арманды қиял» екенін айтады. Дегенмен жазушы Махамбет жырларында, Ығылман Шөрекұлының «Исатай-Махамбет» дастанында, ел аузындағы әңгімелерде айталатын және кейінгі зерттеулерде анықталған 100 қаралы адамның есімін көрсеткен [2].

Бұдан бөлек, оралдық тарихшы Зұлқожа Ғайнеденұлы (Шарафутдинов) өзінің «Тастөбе соғысы» деген кітабында «Тастөбе тарландары» деген тақырыппен көтеріліс сарбаздарына арнайы тоқталып өтеді. Автор архив құжаттарына сүйеніп, Тастөбе шайқасынан соң және кейінірек орыс қолына түсіп, сотталған, Сібірге айдалған жүздеген тұтқынның аты-жөнін келтірген. 2013 жылы 18 қарашада Батыс Қазақстан облысындағы Жаңақала ауданының орталығында Тастөбе шайқасына арналып ашылған ескерткіш белгінің қабырғасына осы сарбаздардың есімі қашалып жазылды [3].

Көтеріліс сарбаздары туралы ел аузындағы тағы бір дерек Қаржаубай Медихановтың «Жеті баулы беріш шежіресі» еңбегінде: «Беріш руынан Исатай-Махамбетке қолбасшы болған батырлар» деген бөлімде қос батырды қолдап, соңына ерген сарбаздар қатарында 201 адамның аты-жөнін нақтылап көрсетеді. Оның ішінде біздің кейіпкерлеріміз

– Қабылбай батыр да бар [4].

Енді осы жерден әңгімемізді нақты кейіпкерімізге бұрайық.

Қалдыбайдың балаларының ішінде болмысы бөлек Қабыланбайдың ерлігі туралы қанша айтсақ та жарасады. Қабыланбай – жорықтарда Исатай, Махамбеттің жанында жүрген үшінші тұлға. Алып денелі, алапат күш иесі Қабыланбайдың тобында алғашында 60-70 қана қол болған. Осы жауынгерлермен жүріп-ақ, отаршылдар тартып алған жерлерді кері қайтаруға жұмыстанады. Теректідегі Балқы ауылында болған қанды шайқаста өздерінен саны үш есе артық жаумен шайқасып, оларды тас-талқан етіп жеңеді де, шаруалардың жерлерін, малдарын қайтарып алып береді. Бұл батырдың ерліктері туралы бір ғана мысал.

Қабыланбай батырдың алыптығы соншалықты, оны кез келген жылқы алып жүре алмаған. Оның мінген аттары «Қара бұқа» мен «Сары қасқа» ғана. Осы екі қос тұлпар ғана оның салмағына шыдас беріп, жорықта жолдас болған.

Қабыланбайдың бала күнінен батыл, ер жүрек болғандығы туралы ел аузында мынадай да аңыз бар. Кенесары, Байбақты сынды жасы үлкен ағалар бар, бір топ азаматтар аң аулауға шығып, бір қабанды ұстай алмай, қуалап ауыл іргесіне әкеледі. Сонда айқай-шудан шошып оянған Қабыланбай қабанды ұстауға батылы бармай тұрған адамдарды көріп, өзі түрегеліп, қабанға бас салып, екі құлағын бұрап, үзеңгімен соғып өлтіреді. Оның ерлігіне сөзсіз риза болған ауыл зиялылары бұл оқиғаға той жасауды ұйғарады.

Сол уақытта ауылда болмаған әкесі Қалдыбай елге келісімен замандастарына «Сіздер дұшпан екенсіздер. От пен судың қауіпін жете түсіне білмеген жас қыршынды өлімге айдағандарың не болғандарың» деп ренішін білдіреді.

1837 жылдың 15 қарашасындағы Тастөбе шайқасындағы жеңілістен кейін, көтерілісшілердің қалың тобының жан-жаққа ыдырай бастағаны белгілі. Исатай мен Махамбет батырлардың қасында шағын топ қана қалған болатын. Олардың өздері де бірнеше рет жазалаушы әскерлердің қолына түсіп қала жаздаған еді. Міне осындай жағдай да олардың алдында Геке әскерлерінен құтылудың бір-ақ жолы тұрды. Ол–Жайықтың шығыс бетіне өту еді. Алайда, ол үшін Жайық мұзының қатуын күту керек болды. 1837 жылдың қараша айының соңына та-ман Исатай мен Махамбет бастаған 29 адам Қаныш моласы деген жер-де өзара кеңесіп, жау қолына түспеу үшін не істеу керек екендігін ақылға салады. Бұдан әрі Бөкей хандығында қалудың өте қауіпті екендігі ескеріліп, көтеріліс басшылары Төменгі Жайық шебі тұсынан Кіші жүзге өту керек деген тоқтамға келеді. Көтерілістің рухани көсемі Махамбет Өтемісұлының:

Уа, Исеке, Исеке!

Ал, кетелік, кетелік,

Кетіп бір Жайық өтелік,-деген өлең жолдары осы жерде шығарылған болса керек.[5]

Көтеріліс басшыларын үзбестен іздеп жүрген жа-залаушыларды шатыстыру үшін бұл топ Жайық өзенінің жоғарғы жағы-на қарай ауысты, олар сол жақтан Жайықтан өту мүмкін деген лақап тарату қажет деген шешімге келеді.

Көтерілісшілер Жайық өзенінің жоғарғы жағына қарай ойы-сты деген лақапты тарату Исатай мен Махамбеттің жақын серіктерінің бірі Қабыланбай батырға жүктеледі. Қабыланбай 1837 жылдың қараша айында көтеріліс басшыларын жаза-лаушылар тұзағынан құтқару үшін өз өмірін құрбандыққа шалып, ерліктің ерекше үлгісін көрсетті. Ол қасына бір жігітті ертіп, тапсырманы орын-дау мақсатында кейін-Тастөбеге қарай ат-танады. Олар сол жақта 75 адамнан тұратын есаул Трофимов жасағының шолғыншы әскерлерімен кездесіп қа-лады. Айналаны бақылап жүрген хо-рунжий Еремеев аттылы екі адамды қуып, қараңғы түсе олардың біреуін ұстайды. Ұсталған адам қашып бара жатқан екінші адамның Исатай мен Махамбеттің ең жақын серіктерінің бірі Қабыланбай Қалдыбаев екендігін айтады.

Қуғыншы казактар Қабыланбайдың атын атып барып, оның өзін ұстайды. Қолға түскен батырды жазалаушылар Қаратоқай қорығындағы подполков-ник Гекеге алып келеді. Қабыланбай-дың айтуынша, «Қаныш моласы» маңындағы болған кеңесте көтеріліс-шілер Орталық дистанцияға аттанып, Сахарная бекінісінің жоғарғы жағынан Жайықтан өтуді ұйғарады. Ол үшін Исатай мен Махамбет бастаған отряд Александров-Гай мен Өзен линиясы аралығы арқылы жүруге шешім қа-былдады. «Мен осы кеңестен кейін ауылдағы әйеліме барып қайту үшін жолға шықтым»-дейді. Қабыланбайдың осы жауабынан кейін Геке И. Таймановтың өзенге қарай өтетін жолын аңду туралы бұйрық береді. Шындығында, Қабыланбайдың бұл барлық жердегі әрекеті және оның берген жауаптары жазалаушы әскерлерді басқа бағытқа сілтеу мақсатында ойластырылған іс

болатын.

Қабыланбай «Исатай тобы онша қашықта емес, олар осы маңда жүр. Егер қажет десеңіздер алып барайын»-дейді. Ертеңіне елең-алаңда есаул Трофимов Исатайды тауып келу үшін Қабыланбайды жол бастаушы етіп арнайы отряд жібереді. Қабыланбай жазалаушылармен күні бойы жер-жерді шарлап, аттары әбден болдырып, кейін қайтып келеді. Таңда жауған қардан олар Исатай отрядының ізін де таба алмайды. Шындығында, Қабыланбайдың осы әрекеті Исатайлардың бұл жерден алысырақ кетуіне қолайлы жағдай жасау болатын. Осы бір тарихи маңызы бар шараны іске асыруда Қабыланбай Қалдыбаевтың жеке басының ерлігін, халық қамын ойлап, көтеріліс басшыларын сақтап қалу үшін өзін құрбан еткендігін ерекше айтқан жөн болады.[6]

Подполковник Геке Қабыланбай туралы генерал Перовскийге былай деп жазады: «Ол-нағыз азамат, ержүрек жан. Көтерілістің басынан бастап Исатайдың жанынан бір елі қалмаған, бұл жігіт барлық жерде батырмен бірдей әрекет жасады. Нақ, қазірдің өзінде де рухының мықтылығын дәлелдейтіндей серіктері туралы жұмған аузын ашқан жоқ...». Қабыланбайдың жойқын күші мен батырлығын мойындаған Геке одан әрі былай деп жазды: «Бұл жерде темір жоқ, ал арқан Қабыланбайға түк емес екендігін ескеріп, өздеріңнен қатынас қағаз жеткізген он адамға хорунжий Ереміннің 28 адамын қосып беріп, 8 желтоқсанда оны Орал қаласына жөнелтеміз»-деген мәлімет бергені белгілі. Кейін Оралдағы әскери сот өзгелерге 1000 дүреден соғылған да, Қабыланбайға 1500 шыбық дүре соғылып, жазасын Сібір каторгаларының бірінде өтеуге үкім етеді. Халық үшін қам жеген қайран батыр сол Сібірден елге қайтып оралмайды.[7] Осы сапарында батыр жау қолынан құтылып шықты деген де ақпарат бар. Ол айдауылдар жолда демалып қонған кезде қаруларымен бірге аттарын алып қашып, жанындағы жолдастарымен бірге құтылып шығып, көтерілісшілердің қатарына қайта қосылған екен. Бірақ, жеңдеттер оны кейін кері қолға түсіріп, арнайы соғылған шынжырмен қол-аяғын байлап, Текеге апарып, бір көзін ойып алып, азаптап өлтірген деген деректерде бар екен.

Қабыланбай батырдың ерлігінің, әскери аялысының арқасында Исатайлар Жайықтың қатуына да жетеді.

Міне, Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалысының бір сарбазы Қабыланбай батыр Қалдыбайұлының ерлігі осындай.

Батырдың артында төрт ұлы қалған. Кенжесі Лұқпан заманында «Сар жорға» атанған шешен адам болған. Лұқпаннан алты ұл, екі қыз өмірге келген. Оның ұлы Қуаныштан тараған Айтмағамбет те айтулы ақын болған кісі. Ол өз жырларының бірінде батыр бабасы туралы:

«Қанды кек, содан қалған қанмен қайнап,
Шынжырмен Қабыланбайды алды байлап,
Қосылып Исатайға соғыстың деп,
Жіберді жиырма бес жыл Сібірге айдап», – деген екен.[8]

Қорытынды. Қабыланбай Қалдыбайұлының ерлігі-парсы басқыншыларын шөл далаға бастап апарып, олардың қырылуына, сөйтіп, еш нәтижесіз еліне қайтуға мәжбүр еткен сақ батыры Ширақтың, Белоруссия орманында жау әскерін қалың батпаққа апарып түсіріп, орыс әскерлерін құтқарып қалған Сусаниннің ерліктерімен қатар тұрады.

Қазақтың кең даласын сонау аласапыран заманында «Найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қорғаған батырлар тұлғасы еліміздің болашақ ұрпағына үлгі-өнеге болары сөзсіз. Ұлы бабаларымыз іс-әрекеттерінің алдында бас иген ұрпақтары сол қилы заман оқиғаларына түрлі тарихи жырлар, ұзақ толғаулар арнап, ұрпаққа жеткізеді. Біздің парызымыз сол деректерді ғылыми сараптаудан өткізе отырып шынайы қазақ тарихындағы батырлардың ерлігін паш ету.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбіш К. «Шандоз» -Алматы, 2004, «Арыс» баспасы 2004
2. Сарай Ә. Исатай Махамбет тарихы. -Алматы, 2012, «Мереке» баспа үйі», 2003;
3. Шарафутдинов З. Тастөбе соғыс. -Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2004
4. Медиханов Қ. Жеті баулы беріш шежіресі. -Ақтау, «Полиграф» баспасы, 2010
5. Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихынаң мәселелері, I том –Орал «Ағартушы» баспасы, 2010,

6. Амангелді Шамғонұлы TAISOIGAN.KZ «Қазақтың Сусанині», 2018
7. Шарафутдинов З. Тастөбе соғыс.-Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2015
8. Жетібаев Ж. Атырау газеті. Махамбет пен Исатайға серік болған есіл ерлер туралы не білеміз? 14 қыркүйек 2016 жыл

ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МОДУЛЯЦИЯСЫ

БҚО, Теректі ауданы
«Ақсуат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ
Физика және информатика пәні мұғалімі
Кдыргалиев Манарбек Муратович

Аннотация

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, басқа да мемлекеттермен саяси, мәдени және экономикасы жан-жақты байланысқа түсуде. Қазір елімізді бүкіл әлем біледі десек артық емес. Өркениетті ел болу үшін заман талабына сай білім беру, дамыту, білім сапасын әлемдік деңгейге көтеру басты мақсат болып отыр. Сондықтан да еліміздің алдына биік мақсаттар қоя білетін рухы таза, орны биік адамдар қажет.

Кіріспе

Қазіргі кезде мұғалімдердің алдына қойылатын мақсат – рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұғалім бұл мақсатқа жету үшін ұлттық байлығымызбен, салт-дәстүрімізді білім беру ісіндегі озық үлгілерімен тұғырлы ұстанымдарымен тығыз байланыстыра отырып, шығармашылық қабілетін дұрыс жетілдіре білуі керек.

Бүгінгі оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты- жеке тұлғаға бағытталған оқыту. Оқушыларға тек білім берумен шектелмей, өз ұлтының тарихын да білуіне физиканы оқытуда ұлттық тәрбиеге баса көңіл бөлу қажет.

Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген жақсы сөз бар. Бұл – жас ұрпаққа тән жақсы қасиеттер мен ұлттық сананы қалыптастыру деген сөз.

Негізгі бөлім

Қазақ халқына тән әдептілік, бауырмалдылық, қонақжайлылық, еңбекқорлық, үлкенді сыйлау, инабаттылық пен иманжүзділікті қалыптастыру мақсатында әрбір тақырыпты халық даналығымен байланыстыра жүргізу басты мақсатымыз. Ұлттық педагогиканың негіздерін физика сабағында қолдану – білу, түсіну, қолдану мақсаттарын жүзеге асырып, оқушының өмірге деген көзқарасын, ұлттық құндылықтарды оқушы санасында байланыстыра білуге тәрбиелейтін процесс болып табылады.

Қазақтың әдет – ғұрыптарын, салт – дәстүрлерінде кездесетін кейбір элементтерін, мақал – мәтелдерді, жұмбақтарды, ән жырлардағы өлең жолдарын физика сабағында пайдалануға болады. Физиканың негізгі мақсаты – табиғатта болып, жатқан әр түрлі физикалық құбылыстарды зерттеп оларды өзара байланыстыратын заңдарды ашу. Физика ғылымы зерттейтін табиғат құбылыстары физикалық құбылыстар деп аталады. Заңдарды ашу үшін құбылысты туғызған себеп пен салдарына жауап ізделеді.

1. Мақалдармен мәні бір физика

Мақал – мәтел адам баласының тұрмыс тіршілігіне терең еніп, халықтың өмірін, еңбек әрекетін, оның табиғат құбылыстарымен қарым қатынасын шынайы көрсетіп отырады. Мақал мәтелдерде теңеу, суреттеу жете көңіл бөлінеді. Табиғат құбылыстары арасындағы өзара байланыс айқын көрінеді.

Физикалық шамаларды өлшеу:

- Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
- Қарыстан сүйем жуық.
- Гауһарды мысқылдап өлшейді.
- Диффузия:
- Бір құмалақ бір қарын майды шертеді.
- Жұпарды жасыра алмайсың.
- Молекулалардың өзара тартылуы және тебілуі:
- Бүргені тұту үшін де бармағыңды сулайсың.
- Білтесіз шырақ жанбайды, жігерсіз жігіт оңбайды.
- Ағаш тамырынан су ішеді.
- Орындалмаған уәде судағы жазу секілді.
- Бос қап тік тұрмас
- Механикалық қозғалыс:
- Шапқан озар, жатқан қалар.
- Қимылдаған қыр асар.
- Тура жол ең қысқа жол.
- Аттыға жаяу жолдас болмас.
- Инерция:
- Аяқ сүрінсе басқа салмақ түсер.
- Сабы бос шотпен отын жарма, сабырсыз доспен жауға барма.
- Қоянды аяғы, қасқырды аузы асырайды, түлкіні құйрығы құтқарады.
- Шапшаң жүргенде шаң жұқпас.
- Жапалақты тасқа ұрсаңда жапалақ өледі. Таспен жапалақты ұрсаңда жапалақ өледі.
- Пішенді салқында шап, қойды салқында бақ.
- Күш
- Биіктен төмен жүгіру оңай, ал төменнен өрге жүгіріп көр.
- Төбеге төмменнен су ақпас, ұзақтан үрген ит қаппас.
- Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды.
- Бидайдың кеудесін көтергені, дақылы жоқтығы,
- Жігіттің кеудесін көтергені, ақылы жоқтығы.
- Мәуелі ағаш майысқақ.
- Иін ағаш иілгенмен сынбас.
- Шешен сөзінен сынады, ине көзінен сынады.
- Жіп жіңішке жерінен үзіледі.
- Үйкеліс күші:
- Саусақ бірікпей, ине ілінбейді.
- Етікті нәл сақтайды, жігітті әл сақтайды.
- Тар киім тез тозар.
- Найза салу ерліктен, ат жауыры терліктен.
- Архимед күші:
- Отты май құйып өшірмес болар.
- Суға тамған май батпас.
- Сүт тасыса қаймағы төгілер, ашу тасыса ақылы төгілер.
- Өтірік иін ағаш сияқты.
- Екі ұшын суға салсаң ортасы көрінеді,
- Ортасын батырсаң екі ұшы көрінеді.
- Кемені суға дария батырмайды, дауыл батырады.
- Қысым:
- Қатты бұтаққа өткір балта керек.
- Бізді қапқа жасыра алмайсың.
- Қатынас ыдыстар:
- Дария жанынан құдық қазба.
- Механикалық жұмыс:
- Күшіне қарай ісі.
- Күші жоқ итте жүгірмес.
- Қара күш айлаға бас иеді.
- Күш моменті:
- Терек қисайған жағына жығылады.
- Биік ағаш бұрын құлайды.

- Ағаш ұстаған жерінен сынбас.
- Жел тұрды десе, үйіңе арқан сал,
- Жау келді десе, қарығы қалқан сал.
- Екі аяқты адам түгіл, төрт аяқты мал да сүрінеді.
- Екі тізгін жоқ болса, ат басын адам бұралмас.
- Екі тартпа жоқ болса,
- Ат үстінде ер тұра алмас,
- Екі үзеңгі жоқ болса,
- Атқа адам міне алмас.
- Бәрі бірдей сай болса,
- Шайтан түгіл жын алмас
- Ошақтың бір аяғы сынса, Қазандағы ас төгіледі.
- Тасбақаны төңкерген соң,
- Өлтірудің не керегі бар
- Кетпеннің басын бассан,
- Сабы маңдайыңа тиер.
- Тарының дәні де таразының табағын төңкеріп тастайды.
- Жылу берілудің түрлері:
- Тонның жылуы терісінен емес жүнінен
- Астарлы шапан тоңдырмас,
- Үш өрім жіп үзілмес.
- Көсеу ұзын болса, қол күймейді.
- Көктеректің жапырағы желсізде де «сыбдырлайды».
- Түндіксіз үйден түтін түзу шықпайды.
- Қол жуылмай – жылынбайды.
- Қазан отпен, адам әрекетпен қызады.
- Ескі мұз – ерігіш, жаңа дос жерігіш.
- Қатты денелердің балқуы және қатаюы:
- Тау мен тасты су бұзады, Адамзатты сөз бұзады.
- Мезгілі жеткенде мұзда ериді.
- Отқа салса темір де балқиды.
- Қар жауды деп қуанба аязы бар.
- Булану және конденсация:
- Жазда апта бойы суланса, бір түнде кебеді
- Күзде бір күн суланса, апта бойы кебеді.
- Күн шыққан соң суарған суды, күн жұтады.
- Күн батқан соң суарған суды, жер жұтады.
- Аузы күйген үрлеп ішеді.
- Быламық бетінен суыйды, көже түбінен суыйды.
- Дән себілмей астық өнбейді,
- Дария буланбай шық түспейді.
- Қайнау:
- Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады.
- Ыстықтан су қайнайды.
- Отын энергиясы:
- Өзі сөнейін деп тұрған отқа су бүрікпе.
- Отты үрлеген жағады,
- Шындықты іздеген табады.
- От пен су біріне-бірі – у.
- Теректің жануында мін жоқ, бірақ жылуында мән жоқ.
- Азықсыз адам алысқа бармайды.
- Ас адамның қуаты, ат адамның қанаты.
- Электр заряды:
- Найзағай биік ағашты бұрын соғады.
- Ашық күнгі найзағай секілді.
- Жалғыз еменге жай түскіш.

2. Физикалық құбылыстардың жұмбақтар арқылы көрініс табуы
Жұмбақтар ата бабаларымыздан мұра болып қалған бағалы қазынаның бірі. Табиғат

құбылыстарын жұмбақ арқылы жеткізе білу тапқырлықты қажет етеді. Физиканы оқып білуде жұмбақтардың да әсері өте зор. Табиғаттағы физикалық құбылыстардың пайда болуы мен заңдылықтарын жұмбақтар арқылы суреттеу баланың ойлау қабілетін дамытады.

Қырда қылыш жарқылдайды. (найзағай)

Таңертең бар, түсте жоқ. Кеш түгілі, түсте жоқ.
Мен әдемі моншақпын
Ірі емеспін, ұсақпын
Мойынға ешкім таға алмас,
Мендей мөлдір таба алмас (шық)

Қаратаудың басында
Киік кетіп барады
Қол аяғы бауырына
Тиіп кетіп барады (Бұлт)

Қанаты жоқ ұшады
Аяғы жоқ желеді
Аузы жоқ ұлиды (Боран)

Жазда болмайды
Қыста болады
Терезеге қонады
Әсем ою ойады (қырау)

Мамықтай ұлпа
Қанаттай ақ
Қыстай жер басып жатады
Жазда сайға жатады (қар)

Өзі затты құрайды
Теңесуге затты сұрайды. (масса)

Тіршіліктің қамы үшін,
Жоқшылықты түзейді,
Егер іскер жан үшін,
Жоқшылықты түзейді. (жұмыс)

Жоғалмайды ешқашан,
Түрлендірсең егер де.
Басқа күйге ауысса жұмыс істейді әрқашан. (энергия)

Қозғалысқа келтіріп,
Жылдамдығын береді,
Өлшемдерін қарасаң,
Ньютонға ол келеді. (Күш)

Түнеріп келіп,
Бұлт егіп кетеді. (Жаңбыр)

Жұмбақтар баланың ойлау қабілетін дамытатынын ескерсек, оны нақтылыққа негізделген физикамен астастыра байланыстыру баланың қызығушылығын одан әрі арттырады сөзсіз.

3. Ақын-жазушылар шығармашылығындағы физиканың тілдік көрінісі

Кейде ақын – жыраулардың өлеңдерін оқып отырып, онда ақын табиғат құбылыстарын қалай жырлағанын, суреттегенін көріп физикалық құбылыстарды іздеп отырамыз. 8-сыныпта өткен «Заттардың агрегаттық күйлері» тақырыбын оқығанда Абай атамыздың «Қыс» өлеңі еске түседі:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды.
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық.
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Бұл өлеңде табиғи қысқы құбылыс-қыраудың пайда болатындығын айтып, ақ ұлпа қарды аяқпен басқанда қысым күші әсерінен қардың көптеген ақ ұлпа кристалдары қабықшаларының сынатындығын түсіндіреді.

Абайдың «Күз» өлеңін алатын болсақ өлеңнен табиғаттағы жылулық құбылыстарды атаймыз. Мысалы: тұман, бұлт.

Ауада су буы болады, ол күннің қыздыруы әсерінен мұхиттардан, теңіздерден және басқада су қоймаларынан буланып көтеріледі. 1м3 ауадағы су буының массасын оның «абсолют ылғалдылығы» дейді. Әр температураның өзіне тән ылғалдылық шегі бар. Егер температура төмендесе, будың артығы су түрінде бөлініп шығады. Ауа неғұрлым жылырақ болса, оның құрамында су буы соғұрлым көп болады. Егер жылы және біршама ылғал ауаны салқындатса, онан артық ылғал ұсақ тамшы түрінде бөлініп шығады да тұман пайда болады. Тұман көбінесе батпақ жерлерде, өзендер мен көлдер бетінде пайда болады. Мысалы, Абай атамның «Күз» өлеңі:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан тай жарысқан. Ал Жамбыл атамның «Егіс жыры» өлеңінде:

Аспаннан аппақ қар жауды,
Қар емес, жерге нұр жауады.

Осы қардың егіске,
Болашағы болжаулы.
Көктен түскен күміс қар
Жер мейірімін қандырдың
Тазалығы ақ қардың
Сақалындай Жамбылдың.
Аппақ қарды қара жер
Суырып сүттей емеді,
Емсе емсін, сол жерге
Ел егісін егеді.

Көктем келіп, күн жылып
Тоң қақырып, қар етіп
Гүрілдеп, өзен сарқырап,
Айдын көлдер жарқырап,
Қиқулап ұшып қаңқылдап,
Қараша қаз сампылдап,
Құстар қайтып келеді - деген жолдар кездеседі.

Жамбыл атамның осы өлеңінен табиғатта болатын жылулық құбылыстарды табамыз. Осы өлеңді төмендегідей жылулық құбылыстардың пайда болуын түсінеміз:

- а) қардың пайда болуы;
- ә) қардың жаууы
- б) қардың еруі
- в) мұздың пайда болуы
- г) мұздың еруі

Ертеде аталарымыздың қардың жаууына қарай сол жылдың егінінің түсімін қалай болжаған? Оны физика тұрғысынан түсіндіруге болады.

Жамбыл атамның «Москва – менің қамалым»

Көкті бұлт торласа,
Көктен нөсер төкпес пе?
Торлаған бұлтты найзағай,
Сорғалай тіліп сөкпес пе?
Төгілген нөсер толастап,
Өткінші болып өтпес пе?
Жер аңқылдап, күн шықса,
Қара бұлт көшіп кетпес пе?

Қастасқан жаудың түбіне
Қаһарлы халық жетпес пе?

Жамбылдың осы өлеңіндегі жылулық физикалық құбылыстарды табамыз. Олар: Бұлт, нөсер, күннің шуағы, найзағай. Бұлттың қалай пайда болғанын түсіндіреміз. Бұлт-сұйық өте ұсақ су тамшылары, қатты күйдегі мұз кристалдары.

1-2 км биіктікте қабат-қабат бұлттар болады.

3-4 км биіктікте түйдек бұлттар болады.

6-12 км биіктікте шарбы бұлттар болады.

Жер бетінде $t_{ра}=250С$ болғанда жаздың ыстық күніне 12-14км биіктікте жерде қатты аяз болғандағыдай, суық қақап тұрады. Жер бетінде біршама ауа массасы қызады да айналадағы ауадан жеңілдене түседі.

«Кебу, булану, конденсация» құбылыстарын өткенде, Сарбай Мәуленовтың «Табиғатпен жаным бірге» өлеңін пайдалануға болады:

Жаз шыға сол су сарқылап,

Қалады кеуіп, тартылып.

Мақтайды оны шуылдап,

Орнына шөп пен тал тұрып.

Тасқын шайса, күнге қызық,

Желге үстімді кептірем.

Желмен жайлап, бірге жүріп

Тау боп биік көк тіредім.

Жоқ ұштығы жол шегімнің,

Аспан мен Жер-Жер серігім.

Мен-дүние өлшемімнің,

Мен табиғат-бөлшегімнің.

«Газдағы электр тогына» мына өлеңді мысал етсек:

Қағылды түніменен,

Күннің күшті дабылы.

Жерді жалап тілімен,

Өтеді «жай» жарығы.

«Кристалл денелер» тақырыбына:

Қыста боран шақырып,

Тартады жел ызғырық.

Көлдің бетін қатырып,

Жатыр торын мұз құрып - деген өлең жолдары таптырмас мысал болары анық.

Қорытынды

Жоғарыдағы мәселелерді саралай келіп, бұл тақырып өте қызықты, өзекті тақырып деп ойлаймын. Қазіргі технология дамыған заманда шәкірттеріміздің пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында осы тақырыпты Қазақ халқының әдебиетін, тұрмысы, әдет-ғұрпы, үлгілі дәстүрлерімен шебер, ұштастырып, шәкірт бойында ұлттық құндылықтарымыз, ұлттық патриоттық сезімін қалыптастыру, оны бүгінгі күн талабына сай мазмұнды да, пәрменді жүргізуге күш салу. Осы орайда ұлттық ерекшеліктер ұғымын жалаң тұрғыда емес, пәнаралық байланысты негізге алып Қазақ әдебиеті мен физикалық құбылыстарға үйлесімділікпен енгізу, яғни физикалық ұғымдарды ұлттық таным-талғам арқылы танудың маңызы зор екенін оқушыға жақсы түсіндіре білуде.

Тақырыптарға сай ұлттық ерекшеліктерді физикалық тұрғыдан түсіндіру; кейбір мақал- мәтелдердің, жұмбақтар мен ән жырлардағы өлең жолдарының, аңыз әңгімелердің физикалық мазмұны бар екендігіне көз жеткізу, басты мақсатымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан салт дәстүрлер энциклопедиясы.

2. К.Ж.Бұзаубақова « Физикалық құбылыстарды оқып үйрену» .

3. Физика және математика журналы

4. Қазақ әдебиеті оқулығы

5. Физика пәні оқулығы.

МӘТІНМЕН ТИІМДІ ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы,
Подстепный №1 жалпы орта білім беретін мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Абдуайтова Куляш Жолдасовна
эл.пошта: kulyash_72@mail.ru
тел:87089552332

Оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабақтары келесі тілдік дағдылардың ерекшеліктері арқылы іске асады: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым.

Оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы - оқылым дағдылары.

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі.

Қазіргі кезде көптеген оқушылардың әртүрлі себептерге байланысты мәтінді оқып түсінуі қиынға соғып жүр. Солардың ішінде:

- Олар басқа оқу стилін қалайды (комикстер, манга)
- Олар оқуға да, жазуға да қызықпайды (ұялы телефон, әлеуметтік желі)
- Олардың мәтінді түсіну үшін қажетті алдын ала білімдері, сөздің қоры аз.
- Олар бір уақытта бір сөзге назар аудару қиынға соғады және маңызды ойларды жіберіп алады.

Дегенмен әрбір оқушы сыни тұрғыдан түсіну дағдыларын дамыту мүмкіндігіне лайық. Оқылымның стратегияларын дұрыс қолдану арқылы мәтінмен тиімді жұмыс жасауға болады. Оқылым стратегияларының бірнеше түрі бар.

Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдердің аттарын, абзац сандарын шолу.

Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.

Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.

Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.

Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.

Талдап оқу стратегиясы арқылы стиль мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.

Астын сызып оқу немесе белгіліп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.

Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.

Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау. Осы оқу стратегияларын талғап орнымен қолдансақ, мәтін бойынша жұмыстарды орындатуға кең мүмкіндік ашылады.

Жоғарыдағы оқу стратегиялармен қатар нақты ақпараттарды табу үшін оқу деген түрі — мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес.

Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу. Сондай-ақ, сөз мағынасын контекстен ажырату — мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

Міне, осы соңғы оқу стратегиялары оқу сауаттылығы мәтіндерімен тез әрі тиімді

жұмыс жүргізуге өте ыңғайлы. Мысалы, оқу сауаттылығында жиі кездесіп жүрген мәтінді алайық.

Мәтінді мұқият оқып, мазмұны бойынша берілген тапсырмаларға дұрыс жауап бер.

Дәстүрімізде қыз туғанда «қырық жеті», ұл туғанда «ат ұстар» деп сүйінші сұрайтыны, кейде «Қалың малға қырық жетіні матап берді» - деп айтатыны бар. Бұл өткен ғасырларда жиі жасалатын ғұрып болатын. Ал ол неге 48 немесе 50 емес? Неге 47 –ге тоқтаған? Демек, өзіндік сыры бар.

Біріншіден, қазақ 40 пен 7 сандарын ежелден қасиет, киесі бар деп санаған. Мысалы: Қырықтың бірі- Қыдыр, қызға қырық үйден тыйым, қырық күн шілде, жеті қазына, жеті ата, жеті қат жер, жеті жұрт, т.б. Олай болса, халық өзінің құдалық салтында қалыңмал санын қырық пен жетіні қосып ырымдап, осы санға тоқтаған.

Екіншіден, Сәбит Мұқанов «Қырық жетіні» былайша түсіндірген:

- ... әкемнің айтуынша: бұзаулы сиыр ма, құлынды бие ме, боталы түйе ме, ең алдымен төлдейтін жеті мал беретін көрінеді. Бұлардың қатарына қой мен ешкі кірмейді. Мысалы, жеті бие береді дейік. Оның сыртында жеті құлын, жеті тай, жеті құнан, жеті дөнен болуы керек. Сонда 35 бас болды ғой. Төлдейтін малдың ішіндегі төлін де есептейді, оның атын «бүкпе» дейді екен. Соны қосқанда – жетеу. Сонда 42 болды ма?

Енді құда болуға уәделескенде күйеудің әкесі қыздың әкесіне: «Уәдеміз шегедей мықты болсын», -деп «шеге ат мінгізеді». Екінші, құда түсуге келгенде, қыздың әкесіне «мініс ат» береді. Үшінші, «жеке ту бие» -қыздың әкесі ұзату той жасағанда сойыстыққа алатын мал. Төртіншісі – «түс ат». Күйеу қайын атасының үйіне алғаш барып түскенде, беретін айыбы. Бесіншісі, қыздың үйіне күйеу жағы әкелетін алғашқы кәде, құдайы мал – өлі-тірі. Қыздың үйі бұл малды сойып, туған-туыстарын, ауылдастарын шақырып, етін, сорпасын таратып, терісін де біреуге береді. Бұл малды тірі күнінде сойылғанда да, ұзатылатын қызға көрсетпейді. Қызға ет түгілі сорпасын да татырмайды. Мал сойылып, еті мен сорпасын жұрт ішіп-жеп тарағанша, қызды оңаша бір үйге отырғызып қояды.

Сонымен, төлді малдың саны – қырық екі, әр түрлі ырымның малы – бес, барлығы – қырық жеті. Қазақтың: «Қырық жетіні қырқа матап бердім»,- дегеннің мәні осындай. (www.bilimcenter.kz)

Мәтіннен негізгі ақпаратты тап.

А. Сәбит Мұқановтың әңгімесінің түйіні.

В. Күйеу қайын атасының үйіне алғаш барып түскенде беретін айыбы.

С.«Қалың малға қырық жетіні матап беру» салтының сыры.

nnnn

Е. Күйеу жағы уәделескенде қыздың жағына әкелетін кәделері.

Мәтіннен қосымша ақпаратты тап.

А. Екі құданың уәделесуі.

В. Сәбит Мұқановтың түсіндірмесі.

С. Төлдейтін малдың ішіндегі төлін де есептеуі.

Д. «Қалың малға қырық жетіні матап беру» салты туралы.

Е. Төлді малдың саны - қырық екі, әр түрлі ырымның малы –бес, барлығы – қырық жеті.

Мәтіннен детальді ақпаратты тап.

А. Қалыңмалға берілетін қырық жетінің сырын ашқан.

В. Құдалық салтында қалың мал санының қырық жеті болуын қадағалаған.

С. Төлдейтін малдың ішіндегі төлді «бүкпе» деп атаған.

Д. Сонымен, төлді малдың саны – қырық екі, әр түрлі ырымның малы – бес, барлығы – қырық жеті.

Е. Қазақ халқында сүйінші сұрау дәстүрі бар.

Осы тапсырмаларды оқушыларға орындатуда алдымен негізгі ақпаратты тез әрі нақты табу үшін нақты ақпараттарды табу стратегиясы арқылы ең алдымен оқушыларға қажетті сөздерді, яғни жиі қайталанатын сөзді табу тапсырмасын бердім және саны нешеу екенін сұрадым. Оқушылар бірден «қырық» сөзін және оның санын атады, яғни он екі рет кездесетін сөзді анықтап алып, келесі тапсырмада «қырық» сөзімен байланысатын айналасындағы сөздерді табу тапсырмасы берілді. Оқушылар «қырық жеті», «Қалың малға қырық жетіні матап берді» - деген тіркестерді тапты. «Кімге қырық жетіні матап береді екен?» деген сұраққа «қыз туғанда» деп жауап берді. Сол арқылы бұл қалың мал екенін, мәтіннің салт-дәстүрге қатысты екенін анықтап алып, мәтіннің не туралы екенін

осылайша анықтады. Мәтінді толық оқымай-ақ, мәтіннің не туралы екенін осы тәсілдермен анықтату, уақытты ұтудың да бір жолы болып табылады.

Әрі қарай мәтіннің негізгі, қосымша, детальді ақпаратын анықтамас бұрын, бұл ақпараттар туралы еске түсіріп өткен жөн. Негізгі ақпарат: мәтіннің негізгі идеясы. Мағыналық бөліктің негізгі мәліметтерін көрсету үшін онда тезистер мен тұжырымдар қолданылады және олар көбінесе азатжолдың басты идеясы – бірінші және екінші сөйлемдер болады. Қосымша(жанама) ақпарат: 1. Берілген идеяны нақтылайтын, растайтын немесе түсіндіретін нақты мысалдар келтіреді. 2. Басқа ғалымдардың пікірлерін, дәйексөздерін келтіріп, өзінің ойларын растайды. 3. Мынадай қыстырма сөздер мен шылаулар қолданылады: сондықтан, мәселен, сол сияқты, атап айтқанда,, яғни, басқаша айтқанда, басқаша түсіндіре кетсек, дәлірек айтқанда, т.б. Детальді ақпарат: Оқылым мәтініндегі негізгі ақпаратты егжей-тегжей дәлелдермен аша түседі. Мәселен, мәтіндегі ақпараттың қайда, қашан, кімдердің қатысуымен болғанын айтуы мүмкін. Мәтіндегі негізгі ақпаратты дәлелдейтін фактілер, мысалдар, жылдар, деректер, пайыздық көрсеткіштер, дәйексөздер.

Ақпаратты дұрыс түсінген оқушы тапсырманы оңай әрі тез орындап шыға алады. (<https://martebe.kz/o-ushylardy-o-u-sauattyly-yn-arttyru-shin-m-tinmen-zh-mys-zhasau-zholdaryny-tiimdiligi/>)

ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ - ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ

Мукашева Сымбат Болатовна
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Кемер ауылы,
Социализм негізгі орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.

Әл – Фараби

Қазіргі білім берудің мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүріп, жұмыс істей алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке - ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, Отанының әлеуметтік экономикалық жағынан дамуына зор үлесін қоса алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (1999 ж.) «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... жеке даму үшін жағдай туғызу арқылы интеллектін байыту жатады; ...оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсетілген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әрбір мұғалім күнделікті ізденіс арқылы жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет деп атап көрсетіледі, сонымен бірге мұғалім-іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Қазіргі кездегі мұғалімдердің оқушылардың біліктілігін жетілдірумен қатар кәсіби қызметінің ғылыми негіздерін өмірде қолда іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруды көздейді.

Оқушылардың білімге құндылық бағдарын қалыптастыру, өзіндік білім алуға бейімдеу, тұлғаның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекеттеріне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті күн тәртібіне қойылып отыр.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дағириясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов. [2, б. 12]

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жаныңда қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде, ата –баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [1]. Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Соңдықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы жолбасшы керек. Ғалымның ісі – ғалымдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті – ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу. Педагогтың міндеті - ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру [2]. Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы:

«Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратынқұлықты болуын,сұлу сөз сйқырлы үн.әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, нәм байсалды ,ойламдышымыр болып өсуінұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей.Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: – Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде ,оларға жастайынанимандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек,сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз деген болатын-деген болатын. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құрдылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор .

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;

- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

